ISSN 1728-7804

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series "Philological Sciences"
№ 1 (91), 2025

Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series "Philological Sciences"
№ 1 (91), 2025

Алматы, 2025

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№1 (91), 2025 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
филол.ғ.д., проф. **Абишева С.Д.**

Бас редактордың орынбасары:
филол. ғ. д., проф. **Есенова К.У.**
Ғылыми редактор:
PhD, қауымд. проф. м.а. **Сабирова Д.А.**

Редакциялық алқа:
филол. ғ. к., қауымд. проф. **Жиренов С.А.**
филол. ғ. к., қауымд. проф. **Сатемирова Д.А.**
филол.ғ.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ
Джолдасбекова Б.У.
пед.ғ.д., проф., әл-Фараби ат. ҚазҰУ
Салханова Ж.Х.
филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ
Киынова Ж.К.
PhD, қауымд. проф.м.а., Т. Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясы
Жалалова А.М.
филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай мемлекеттік университеті
Алексеев П.В. (Ресей)
филол. ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті **Бахтикереева У.М.** (Ресей)
филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур университеті
Киклевич А.К. (Польша)
PhD, проф., Джордж Вашингтон университеті
Роллберг П. (АҚШ)
PhD, проф., Орталық Ланкашир университеті
Табачникова О.М. (Ұлыбритания)

Жауапты хатшы:
PhD, қауымд.проф. м.а. **Серикова С.К.**

Техникалық хатшы:
филол.ғ.к., қауымд. проф. **Османова З.Ж.**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2025

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 28.03.2025 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 19,00 е.б.т.
Тапсырыс 250.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

Жиренов С.А., Ержанқызы Ә. Қазақ тілінің синонимдерін психолингвистикалық әдіспен зерттеу жолдары……..... 5
Жиренов С.А., Ержанқызы Ә. Способы изучения синонимов казахского языка методом психолингвистики
Zhirenov S., Yerzhankyzy A. Ways of studying synonyms of the Kazakh language using the method of psycholinguistics

Молдагалиева Р.Ш., Бигалиева А.С. Метафорическая интерпретация звуков природы и техники в русском, казахском и английском языках.....……..... 13
Молдагалиева Р.Ш., Бигалиева А.С. Орыс, қазақ және ағылшын тілдеріндегі табиғат пен техниканың дыбыстарын метафоралық интерпретациялау
Moldagaliyeva R., Bigaliyeva A. Metaphorical interpretation of natural and technological sounds in Russian, Kazakh, and English languages

Пашан Д.М. Қызбалаға қойылатын есімдер: заманауи ұстанымдар……... 20
Пашан Д.М. Имена для девочек: современные позиции
Pashan D. Names for girls: modern positions

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES

Abisheva S., Abuova B. Berdibek Sokpakbayev's creativity in the field of children's literature (1924-1991)……..... 30
Абишева С.Д., Абуова Б.П. Бердібек Сокпақбаевтың балалар әдебиеті саласындағы шығармасы (1924-1991)
Абишева С.Д., Абуова Б.П. Творчество Бердибека Сокпакбаева в области детской литературы (1924-1991)

Мустояпова А.Т. Природа мистического в романе Тони Мориссон «Возлюбленная»……. 36
Мустояпова А.Т. Тони Моррисонның «Сүйікті» романындағы мистиканың табиғаты
Mustoyapova A. The nature of the mystical in Toni Morrison's novel “Beloved”

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК
Серия «Филологические науки»
№1 (91), 2025 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор
д.филол.н., проф. **Абишева С.Д.**

Зам. гл. редактора
д.филол.н., проф. **Есенова К.У.**
Научный редактор
PhD, и.о.ассоц.проф. **Сабирова Д.А.**

Редакционная коллегия:
к.филол.н., ассоц. проф. **Жиренов С.А.**
к.филол.н., ассоц. проф. **Сатемирова Д.А.**
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби **Джолдасбекова Б.У.**
д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби **Салханова Ж.Х.**
д.филол.н., проф., КазНацЖенПУ **Киынова Ж.К.**
PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени Т.Жургенова **Жалалова А.М.**
д.фил.н., доцент, Горно-Алтайский государственный университет **Алексеев П.В.** (Россия)
д.филол.н., проф., РУДН **Бахтикереева У.М.** (Россия)
д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский университет **Киклевич А.К.** (Польша)
PhD, проф., Университет Джорджа Вашингтона **Роллберг П.** (США)
PhD, проф., Университет Центрального Ланкашира **Табачникова О.М.** (Великобритания)

Ответственный секретарь:
PhD, и.о.ассоц.проф. **Серикова С.К.**

Технический секретарь:
к.филол.н., ассоц. проф. **Османова З.Ж.**

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2025

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 28.03.2025.
Формат 60x84 1/8. Объем 19,00 уч-изд.л.
Заказ 250.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Серикова Л.А. Переплетение идентичностей: «Свой – чужой – другой» в рассказах С.А. Муминова…… 48
Серикова Л.А. Тұлғалардың тоғысуы: «Өзіндік – бөтен – басқа» С.А. Муминовтың әңгімелерінде
Serikova L. The interweaving of Identities: "Friend – Foe – Other" in the Stories of S.A. Muminov

Sylam D., WenLiang Q. Unfinished projects: the transformation of urban literary writing paradigms in China since the new century……. 58
Сылам Д., Вэньлян Ц. Аяқталмаған жобалар: жаңа ғасырдан бергі Қытайдағы қалалық әдебиеттің жазу парадигмаларының трансформациясы
Сылам Д., Вэньлян Ц. Незавершенные проекты: трансформация парадигм городской литературной письменности в Китае с начала нового века

Умирханова Ш.А., Орынханова Г.А. Национальная идентичность и культурная память в рассказе Бахытжана Канапьянова «Бахчисарай»…….. 70
Өмірханова Ш.Ә., Орынханова Ғ.А. Бақытжан Канапьяновтың «Бақшасарай» әңгімесіндегі ұлттық болмыс пен мәдени жады
Umirkhanova Sh., Orynkhanova G. National identity and cultural memory in Bakhytzhan Kanapyanov's story "Bakhchisaray"

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ
PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Жиндеева И.А. Практика использования лакунизации в системе сравнительно-сопоставительного изучения художественных произведений…… 78
Жиндеева И.А. Көркем шығармаларды салыстырмалы зерттеу жүйесінде лакунацияны қолдану тәжірибесі
Zhindeeva I. The practice of using lacunization in the system of comparative study of works of fiction

Ибраева Ж.Б., Курманчакова А.Э. Содержание и методика преподавания фольклора в школе: морфология волшебной сказки……. 91
Ибраева Ж.Б., Құрманчакова А.Е. Мектепте фолклорды оқытудың мазмұны мен әдістері: сиқырлы ертегінің морфологиясы
Ibrayeva Zh., Kurmanchakova A. Content and methodology of teaching folklore at school: morphology of a fairy tale

Молдагали М.Б., Асылбекова М.С., Проскурина Л.В. Звукоцветовой анализ стихотворений А.А. Блока о весне на уроках литературы в школе……. 100

Abai Kazakh National Pedagogical University

BULLETIN
Series "Philological Sciences"
No. 1 (91), 2025.

Periodicity - 4 issues per year.
Published since 2000.

Editor-in-chief
Doctor of Philological Sciences, Professor **Abisheva S.**

Deputy Editor-in-chief
Doctor of Philological Sciences, Professor
Essenova K.
Scientific Editor
PhD, Associate Professor **Sabirova D.**

Editorial board
Candidate of Philological Sciences, Associate Prof.
Zhirenov S.
Candidate of Philological Sciences, Associate Prof.
Satemirova D.
Doctor of Philological Sciences, Prof., Al-Farabi Kazakh National University **Dzholdasbekova B.**
Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., Al-Farabi Kazakh National University **Salkhanova Zh.**
Doctor of Philological Sciences, Prof., Kazakh National Women's Teacher Training University **Kiynova Zh.**
PhD, Associate Prof., T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts **Zhalalova A.**
Doctor of Philological Sciences, Prof., RUDN
Bakhtikireeva U. (Russia)
Doctor of Philological Sciences, Associate Prof., Gorno-Altaysk State University
Alekseyev P. (Russia)
Doctor of Philological Sciences, Prof., University of Warmia and Mazury **Kiklewicz A.** (Poland)
PhD, Prof., George Washington University **Rollberg P.** (USA)
PhD, Prof., University of Central Lancashire
Tabachnikova O. (The United Kingdom)

Executive Secretary
PhD, Associate professor **Serikova S.**
Technical Secretary
Candidate of Philological Sciences, Associate professor
Osmanova Z.

©Abai Kazakh National Pedagogical University, 2025

Registered
in the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan
8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 28.03.2025
Format 60x84 1/8. Volume 19,00
teaching and publishing lists.
Order 250.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh National Pedagogical University

Молдағали М.Б., Асылбекова М.С., Проскурина Л.В. А.А. Блоктың көктем туралы өлеңдерін дыбыстық-түсті талдау мектепте әдебиет сабағында
Moldagali M., Assylbekova M., Proskurina L. Sound and color analysis of A.A. Blok's poems about spring in literature lessons at school

Назарбекова Г.А. Изучение английского языка через искусственный интеллект: новые горизонты обучения.. 111
Назарбекова Г.А. Жасанды интеллект арқылы ағылшын тілін үйрену: оқытудың жаңа көкжиектері
Nazarbekova G. Learning English through artificial intelligence: new horizons of learning

Оспанов Е., Иманғали Ө. Ағылшын тілінің басым тіл ретінде қазақстандағы білім беруде басқа тілдерге әсері қандай? 125
Оспанов Е., Имангали О. Каково влияние английского языка как доминирующего языка на другие языки в системе образования Казахстана?
Ospanov Y., Imangali O. What is the impact of English as a dominant language on other languages in Kazakhstan's education system?

АУДАРМАТАНУ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ
TRANSLATION STUDIES

Жаткин Д.Н., Сердечная В.В. И.М. Сабашников (Юринский) – переводчик Эдвина Арнольда..... 135
Жаткин Д.Н., Сердечная В.В. И. М. Сабашников (Юринский) – Эдвин Арнольдтың аудармашысы
Zhatkin D., Serdechechnaya V. I.M. Sabashnikov (Yurinsky) – translator of Edwin Arnold

Біздің авторлар..... 147
Наши авторы..... 149
Our authors..... 151

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

ҒТАМР 16.21.21 10.51889/2959-5657.2025.91.1.001

**Жиренов С.А.[1], Ержанқызы Ә.[2]*
[1,2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан
**e-mail: Saken82@mail.ru*
e-mail: erzhankyzy91@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СИНОНИМДЕРІН ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ӘДІСПЕН ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақала синонимдерді кешенді талдаудың құрамдас бөлігі – психолингвистикалық тәсілдің тиімділігін дәлелдеуге арналған. Қазіргі қазақ тілінің сөз байлығын дамыту арқылы тілдің өміршеңдігін арттыру үрдісі қалыптасты. Тілдің сөз байлығының басты көрсеткіші – синонимдер деп танысақ, оның дамуындағы өзгерістерді айқындау арқылы тілдің даму динамикасын да анықтауға болады деген сөз. Сондықтан синонимдік қатардың кеңею немесе тарылу үдерісін кешенді зерттеу аса маңызды. Мақалада қазіргі қазақ тілінің синонимдер сөздігін кешенді толықтыру қажеттілігі және оны шешу жолдары ұсынылды. Тіліміздегі синонимдер қатары лексикалық қабатты толық қамтымаған, лексикалық синонимдермен шектелген. Авторлық окказионалды қолданыстар, тұрақты тіркестер, тұрақты теңеулер, бейнелі сөздер мен перифразалар синонимдік қатарға енбеген. Ендеше мағыналас бейнелі қолданыстар адамның ассоциациялық және стереотиптік танымынан туындайтын қарабайыр және ойбейнелерінің тілдегі көрініс болғандықтан синонимдік қатардан орын алуы тиіс. Синонимдес бірліктер қатары көп болған сайын, тілдің құндылығы артатынын мағыналас сөздерге психолингвистикалық тәсілдер арқылы талдау жасау негізінде дәлелденді. Осының негізінде мақаланың мақсаты – синонимдерді психолингвистикалық әдіспен зерттеуге болатынын дәйектеу. Мақалада ассоциа-тивтік талдау тәсілі, орын ауыстыру тәсілі, интиутивтілік тәсілі, стереотиптік таным тәсілдерінің тиімділігі дәлелденді.

Түйін сөздер: синоним, лингвистика, синонимдік қатар, бейнелі сөздер, семантика, психолингвистика

**Жиренов С.А.[1], Ержанкызы А.[2]*
[1,2]Казахский национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан
**e-mail: Saken82@mail.ru*
e-mail: erzhankyzy91@gmail.com

СПОСОБЫ ИЗУЧЕНИЯ СИНОНИМОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА МЕТОДОМ ПСИХОЛИНГВИСТИКИ

Аннотация

Целью статьи является доказательство эффективности психолингвистического подхода, который является составной частью комплексного анализа синонимов. За счет развития словарного запаса современного казахского языка сформировалась тенденция повышения жизнеспособности языка. Основным показателем словарного запаса языка являются синонимы,

а это значит, что динамику развития языка можно определить, выявляя изменения в его развитии. Поэтому, комплексное исследование процесса расширения или сокращения синонимического ряда очень важно. В статье предложена необходимость комплексного дополнения словаря синонимов современного казахского языка и пути ее решения. Спектр синонимов в нашем языке не охватывает полностью лексический пласт, он ограничивается лексическими синонимами. В состав синонимии не включаются авторские окказиональные словоупотребления, регулярные словосочетания, регулярные сравнения, образные слова и парафразы. Поэтому среди синонимов должны иметь место образные обороты со смысловым значением, поскольку они являются выражением в языке примитивных и стереотипных человеческих мыслей. На основе психолингвистического анализа слов-синонимов доказано, что увеличивается количество синонимических единиц, возрастает ценность языка. Исходя из этого, цель статьи – продемонстрировать, что синонимы можно изучать психолингвистическим методом. В статье доказывается эффективность метода ассоциативного анализа, метода смещения, метода интуиции и стереотипных методов познания.

Ключевые слова: синоним, лингвистика, синонимический ряд, образные слова, семантика, психолингвистика

*Zhirenov S.A.[1], Yerzhankyzy A.[2]
[1,2] Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan
*e-mail: Saken82@mail.ru
e-mail: erzhankyzy91@gmail.com

WAYS OF STUDYING SYNONYMS OF THE KAZAKH LANGUAGE USING THE METHOD OF PSYCHOLINGUISTICS

Abstract

The purpose of the article is to prove the effectiveness of the psycholinguistic approach, which is an integral part of a comprehensive analysis of synonyms. Due to the development of the vocabulary of the modern Kazakh language, a tendency has been formed to increase the vitality of the language. The main indicator of the vocabulary of a language is synonyms, which means that the dynamics of language development can be determined by identifying changes in its development. Therefore, a comprehensive study of the process of expansion or contraction of the synonymous series is very important. The article proposes the need for a comprehensive addition to the dictionary of synonyms of the modern Kazakh language and ways to solve it. The range of synonyms in our language does not completely cover the lexical layer; it is limited to lexical synonyms. Synonymy does not include the author's occasional word usage, regular phrases, regular comparisons, figurative words and paraphrases. Therefore, among synonyms there should be figurative phrases with semantic meaning, since they are an expression in the language of primitive and stereotypical human thoughts. Based on the psycholinguistic analysis of synonymous words, it has been proven that the number of synonymous units increases and the value of language increases. Based on this, the purpose of the article is to demonstrate that synonyms can be studied using the psycholinguistic method. The article proves the effectiveness of the method of associative analysis, the displacement method, the method of intuition and stereotypical methods of cognition.

Keywords: synonym, linguistics, synonymic series, figurative words, semantics, psycholinguistics

Кіріспе. Тіл білімінің антропоөзектік бағытта зерттелуі әсіресе сөз мағынасын анықтауда маңызы жоғары. Сөз мағынасының өзгерісін айқындайтын категориялардың бірі – синонимдер. Адам сөз жасаумен қатар, сөз мағынасын толықтырушы да саналады. Ендеше санада қалыптасқан ұғымға атау беріп, оны түрлі мағынада қолданысқа енгізетін адамның сөз жасау

үдерісінде танымы, көңіл-күйі, бағалауы, сипаттауы, т.б. жан дүниесі ұғымды барынша дәл танытудың тетігі болады. Тілдің бойындағы адамтанымдық әрекеттерді синонимдік қатардың кеңею және тарылу үдерісінен байқалады. Синонимдер – адамзаттың белгілі бір зат не құбылысқа бағалау және сипаттау әрекетінен туған санадағы ойдың тілдік көрінісі. Сондықтан синонимдерді бағалауыш, сипаттауыш мағыналарға ажыратып зерттеу тиімді тәсіл саналады. Ол үшін адамтанымдық лингвистика аясына енетін психолингвистика әдістері негізге ала отырып, тілдегі синонимдердің табиғатын жаңаша тануға болады.

Синонимия мәселесі құрылымдық лингвистиканың негізгі категорияларының бірі болғанымен, оның даулы мәселелері көп екенін жасыруға болмайды. Синонимия құбылысы мағына ажыратушы қызметімен ерекшеледі. Ал мағына – ой мен танымның тілдегі көрінісі. Сондықтан тіл білімінде мағынаға қатысты мәселелер құрылымдық лингвистика шеңберіндегі тұрақты формулаларға бағына бермейді. Адам танымы кеңейген сайын тіл мағынасындағы динамикалық өзгеріс те оны түрлендіруге әкеледі. Сондықтан синонимия құбылысындағы басы ашылмаған мәселелерді антропоцентристік парадигмада қарастыру тиімді болады.

Құрылымдық-жүйелік лингвистика синонимияны ментальды-лингвистикалық категория ретінде қарастырмағандықтан, тек қана тілдік құбылыс ретінде, синонимдерді қатып қалған жүйе ретінде зерттейтіндіктен, синонимияның табиғатын ашатын, әсіресе олардың сөйлеудегі табиғи қызметіне дәл анықтама тұжырымдалмады. Танымның ақиқат теориясы зат не құбылыстың шынайы мәнін анықтау үшін әлемдегі ақиқат дүниелермен байланыстыруға ұмтылады, ақиқаттың мәнін дәл анықтау заттың концептуалдануы және категорияланыуын қажет етеді.

Синонимдерді психолингвистикалық аспектіде зерттеу оның тілдік сипаттамаларымен анықталатын өте күрделі мәселелерін шешуде аса маңызды саналады. Мысалы: синонимдердің көп мағыналылығын, референциясының белгілі немесе белгісіз болуын, институционалды дискурста жүзеге асырылатын синонимдік қатынастар жүйесін, сонымен қатар тілден тыс факторлар: контекст пен жағдаяттағы синонимдердің мағыналық тепе-теңдігін, коммуникаторлардың өзара байланыстары кезіндегі, сөйлеушінің аялық білімі (фоновое знание), коммуникативті мақсаттары мен ниеттері (оның стратегиясы мен тактикасы) бойынша синонимдердің сәйкестігін, оларды бір тілден екінші тілге аударудағы қиындықтарды анықтауда синонимдердің семантикалық өзгерісіне психолингвистикалық тұрғыдан талдау қажеттілігі туындайды.

Әдістер мен материалдар. Синонимдерді психолингвистикалық әдіс бойынша зерттеу үшін «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» (2005) мен «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» (2016) негізгі дереккөз ретінде пайдаланылады. Зерттеудің негізгі әдісі – психолингвистикалық әдіс, ассоциациялық әдіс, жиілік анықтау әдісі (статистикалық әдіс) болды. Психолингвистикалық зерттеу барысында дәстүрлі компонеттік талдау әдісі сөздердің семантикалық ұқсастығын толық анықтауға жеткіліксіз екендігін көрсетті. Себебі қазіргі қазақ тілінің сөзқолданысында ана тілінде сөйлейтін тіл иелмендері сөз мағынасын ауыстыруда интуитивті танымға сүйенеді. Мәнмәтінде авторлық қолданыстағы мағыналас сөздер қатары көбеюде. Бұл – тілдік қолданыстағы субъективтіліктің басым екенін аңғартады. Е.В.Глазунова мен А.С.Стерннің пікірінше, субъективтіліктен аулақ болу сөздердің жақындығының барабар өлшемін анықтай алатын психолингвистикалық әдістерді қолдану тиімді саналады [1, 27]. Ю.Сазонованың пікірінше: «Синонимдік қатардағы сөздердің жиілігі мағыналық қолданыста айқындалады» [2, 46]. Е.Глазанованың зерттеуі бойынша: «Сөздердің мағыналық жақындығын бір жүйедегі тұтастай мағыналық ұқсастық деуге келмейді» [3, 20]. Осындай психолингвисти-калық зерттеулерді сараптай келгенде, синонимдік қатарды құратын мағыналас сөздерді анықтауда ассоциациялық түсінік те, бағалауыштық таным да, сөздердің жиілігі де қатаң ескерілуі қажеттігін көрсетеді. Бұл тәсілдердің барлығы – психолингвистикалық зерттеу аспекті-сінде анықталатын әрекеттер.

Психолингвистикалық тұрғыдан А.А.Залевская [4] мен С.В.Лебедеваның [5] еңбектерінде синонимияны адамтанымдық аспектіде зерттеу маңыздылығы туралы кеңінен қарастырылады. Бұл зерттеуде ана тілінде сөйлейтіндер үшін дәстүрлі түрде синоним болып саналмайтын сөздер

мағынасы жағынан жақын екендігі көрсетілген. Сөз мағынасы көп болған сайын, яғни бір сөздің көпмағыналылық қатары кеңейген сайын, синонимдес сөздер қатарын да ұлғайтады. Бір сөздің әртүрлі мәнмәтінде қолданысына қарай мағыналық реңкін ажырата беру мағыналастар қатарын көбейтеді. Жаңа семантикалық байланыстарды қалыптастыруға ынталану – бұл салыстыру актісі болып табылады. Ғалымдардың пайымдауынша, синонимдердің типтері былайша ажыратылады: біріншісі – дәстүрлі синонимдік қатар – абсолютті синонимдер және екіншісі – тіл иелмендерінің сөздің семантикалық жақындығын сезініп қолданудан туындаған мағыналас қатарлар. Екінші типі психолингвистикалық қағида бойынша қалыптасқан сөздікке ілініп үлгермеген синонимдер қатары. Қазақ тіл білімінде синонимдерді қарастырған ғалым Ә.Болғанбаевтың зерттеуінде де синонимдік қатардың қалыптасуы адамтанымдық қағидаға негізделетіні айтылады [6, 477]. Сондай-ақ ғалым Б.Әбілқасымов ұғымдық жақындығы бар тұрақты тіркестерді синонимдік фразеологизмдер деп атайды [7, 88]. Тіліміздегі синонимдерді антропоцентристік тұрғыдан шолу жасаған ғалымдардың бірі Л.Бегалиева: «Қарындас деген сындық мағыналы (бір қарында жатқан) сөз заттық ұғымға ауысып, семантикалық тәсіл арқылы транспозицияланады. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қарындас, сіңлі сөздерінің мағынасын тарылған деп есептейміз. Мағынаның тарылуы да мағыналық даму деп аталады. Қанша уақыт өтсе де қарындас, сіңлі сөздерінің когнитивтілігі өз мәнін жойған жоқ. Мағыналық өзгеруге түскенімен, уәжділік сипаттарының бір қыры, антропоцентристік танымның бір ізі, табы қалғандығы көрініп тұр» [8, 181]. Б.Сағындықұлы, Ж.Аманжанованың зерттеулерінде синонимдердің семантикалық және қолданыстық реңктерін ажырату аса маңызды екенін айтылады да зауық/тәбет синонимдері әрқашан мағыналас емес екенін дәлелдейді [9, 87]. Сондай-ақ синонимдердің қатарын кеңейтетін тетік – мағына алмастырушылық қасиеті екенін профессор Ф.Оразбаева да дәлелдеген болатын: «Синонимдер мағыналары жақын сөздер, дегенмерн, мағыналалы тепе- тең болуы шарт деген түсінік тумауы керек. Мағынасы ұқса сөздердің контексте бірін-бірі алмастыра алу қабілеті – көмекші белгісі» [10, 25].

Байқағанымыздай, қазақ тіл білімінде синонимдердің зерттелуі адамның дискурс барысында сөздерді мағына қолданысына қарай пайдаланады. Сол арқылы синонимдік бірліктер кеңейіп әрі жүйеленіп, мәтіндегі қолданыстағы мағыналарының ара жігін ажыратуға елеулі септігін тигізетіндігі байқалады. Бұл зерттеулер адамтанымдық немесе психолингвистикалық бағыттағы әдістер деп аталмағанымен, адамның қабылдауы, сезінуі, қалауы/қаламауы, санада және көңілге қону/қонбауы арқылы анықталады.

Натижелер және талқылау. 2016 жылғы «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» бойынша тілімізде шамамен 3600-ден аса синонимдік қатар бар. Бұл қатар жылдан жылға қосылу үстінде. Сондай-ақ синонимдік қатар реестрі де кеңейе түсуде. Демек, тіліміздің даму қарқыны жоғары. Әдетте көпмағыналылық мағынаны көбейтетін болса, синонимдер атауды көбейтеді де, әсерлі, бейнелі, толымды, түсіндірімді сөйлеуге ықпал етеді. Демек, тіліміздегі синонимдер – әрі сөздік қорды да, әрі мағына қорын да дамытушы категория.

Синонимдік қатардағы мағыналастардың көбейіне ең алдымен адамзаттың ассоциативті танудан туындаған қолданысы ықпал етеді. Сөз еркіндігінің салдарынан жағымды/жағымсыз бағалаудан адамдардың танымында ассоциациялық танымды бүкпесіз айту үрдісі қалыптасты. Ойды әсірелеп жеткізудің негізінде бейнелі-ассоциативті сөзқолданыстар пайда болады. Мысалы: *Балалар үйіндегі **жәутеңкөздер** ештеңеге мұқтаж емес пе? Медициналық қызмет, білім беру ісі дұрыс жолға қойылды ма?* Деген сөйлемдердегі «**жәутеңкөздер»** жеке лексема күйінде әртүрлі мағына беруі мүмкін: 1. Мүмкіндігі шектеулі жан; 2. Қараусыз қалған қарт; 3. Жетім. Бірақ сөйлемде «балалар үйіндегі» сөзімен тіркесуі арқылы жетім мағынасында қолданылғанын нақтыланады. Демек, жетім ұғымының контекстегі мағыналасы – жәутеңкөз деген қорытынды жасауға болады. Qazkorpus.kz сайтында [11], яғни Қазақ тілінің ұлттық корпусында жәутеңкөз (жетім мағынасында) – 5 рет қолданылған. Ал goole.kz деректері бойынша жәутеңкөз жиілігі – 223 рет қолданысты көрсетіп тұр. Ал «Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде» [12, 261] жәутеңкөз кездеспейді: жетім синонимдер қатары – жетімек, панасыз, ата-

анасыз деген мағыналастармен шектелген. Жетім мағынасын дәлме-дәл ассоциациялайтын – жәутеңкөз осы синонимдер қатарынан орын алуы тиіс деп санауға болады. Себебі бұл – қазақ халқының ассоциациялық танымынан туындаған жалпыхалықтық қолданысқа еніп бара жатқан сөзқолданыс. қазақ әдеби тілінің сөздігінде 15 томдығында жәутеңкөз – жаутаңкөзге сілтенген [13]. Жаутаңкөз – жадырай, мөлдірей қарайтын мағынада деп анықталған. Демек, қазақ әдеби тілінің сөздігіне жәутеңкөздің екінші мағынасы – жетім мағынасын да түсіндіріп, мысалдармен дәйектеп беру болашақтың ісі екендігін көрсетеді.

Сондай-ақ қазіргі синонимдер сөздігіне енбеген *ойынхана – құмархана – құмаройынхана – казино* тізбегіндегі әрбір мағыналас сөздер де адамның танымдық санасынан, ассоциациялану үрдісінен туындаған. Қазақ тілінің ұлттық корпусында құмархана – 8 рет, ойынхана – 2 рет сөзқолданыста болғаны тіркелген. Ал goole.kz жиілігі бойынша құмархана – 82800 рет, ойынхана – 157000 рет қолданыс тапқан. Казино атауын қазақ тіліне аудару барысында қазақтың ассоциациясы бойынша құмар ойындарға әуестік, құмарлық (азарт) бірінші мағынасы болғаны дәйектеледі. Себебі «құмар ойын» тіркесі де, «құмаройын» біріккен формасы да қолданыс жиілігі бойынша (1 млн сөзқолданыс) басымдыққа ие болып тұр. Ендеше «құмаройынхана – құмархана – ойынхана – казино» синонимдік қатары осы реттілікпен сөздіктерге ену тиіс саналады. Себебі синонимдер қатарын түзуде ассоциациялық таным жиілігі және жиілік басымдығы бірінші ескеріледі.

Синонимдерді психолингвистикалық әдіспен зерттеудің тағы бір жолы – мағыналас сөздердің орын алмастыру қызметінің тоқтауын анықтау. Мысалы, қазақ тілінің синонимдер сөздігіндегі «ЖАНҰЯ – отбасы – үйелмен – түтін – шаңырақ – үй іші» синонимдік қатарының реттілігі өзгерді. Қазір жанұя сөзі белсенділігі төмен саналады. «Отбасы» – бірінші қатарға шықты және жиілігі ұлғайды. Қалған мағыналастарын орын алмастыруға қолдану үдерісі де тоқтады. Оған басты себеп – адамның негізгі тұтынуындағы ұғымдардың атауына берілуі. Мысалы: оқулықтағы «Отбасы құндылықтары» тақырыбы, «Отбасы» ипотекалық бағдарламасы, «Отбасы» спартакиадаларының атауы синонимдік қатардың көшін бастап тұрған ЖАНҰЯ сөзін ығыстырды, тіпті қолданыстан алшақтап та қалғандығын байқауға болады. Бұл да – адам психологиясына ықпал етудің бір жолдары. Демек, қазақ тілінің синонимдер сөздігіндегі қатар «ОТБАСЫ – жанұя – үйелмен – түтін – үй іші» деп өзгертуді қажет етеді. Себебі мағыналас сөзді іздеуші оқырман отбасының мағыналастарын оңай табуы тиіс.

Синонимдерді психолингвистикалық әдіспен зерттеудің тағы бір жолы – атаужасамдағы интуитивтілік (түйсік таным). Мәселен, «командировка» терминіне қазақша балама атау беруде іссапар мен жолсапар лексемалары жарыспалы түрде қолданылды. Бірақ екі атау да қазақ танымындағы интуициядан туындады. Бірқатарларының танымында іске қатысты сапар болса, екіншілерінің түйсігінде жолға шығу, жол бүру басым критерий болды. ***Іссапар*** *– еңбек құқығында жұмыс берушінің өкімімен қызметкердің тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде қызмет бабындағы тапсырманы орындау үшін белгілі бір мерзімге барып қайтуы (https://kk.wikipedia.org/).* ***Жолсапар*** *очерктері – журналистің белгілі бір аймаққа немесе елге сапары жайлы жазбалары (https://kk.wikipedia.org/).* Ресми құжаттарда теңмағыналас ұғымдар ретінде танылады. Qazkorpus.kz сайтындағы Қазақ тілінің ұлттық корпусында жолсапар – 43 рет, іссапар – 487 реттік көрсеткішті береді. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінде жолсапар – 7 рет; іссапар – 137 рет деп тіркелген [14, 718]. Ал 15 томдық қазақ әдеби тілінің сөздігінде іссапар анықтамасына ресми белгіленімі берілген. *ІССАПАР ресми. Кәсіпорын, ұйым, мекеме, фирма қызметкерінің қызмет бабындағы тапсырманы тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде орындау үшін басшының өкімімен шығатын сапары.* Іссапар – терминдік атау. Ал «*ЖОЛСАПАР – қызмет, жұмыс бабымен тапсырылған істі орындау үшін басқа бір жерге бару бабындағы іссапар*» деген анықтамамен түсіндірілген. Демек, іссапар мен жолсапар теңмағыналас синонимдер. Қазіргі таңда ресми қолданыстағы іссапар синонимдік қатардың біріншісі болып рәсімделеді. Синонимдік сөздікке тіркелмеген, болашақта енгізілуі тиіс синонимдік бірліктер ретінде саналады.

Синонимдерді психолингвистикалық әдіспен зерттеудің тағы бір жолы – стереотиптік танымның тұрақталуы. Синонимдік қатарды толықтыратын – халықтық өзі. Егер мағыналас сөздің қолданыс жиілігі артса, онда сол сөз синонимдік қатарға енеді. Мәселен, «сараң» сөзі – қазіргі сөзқолданыста жағымсыз, дөрекі мағынаны білдіретін атау ретінде аз жұмсалады. «Сараң екен» немесе «сараң екенсің» десе, әрбір адамның көңіл күйі бұзылатыны анық. Оның орнына жұмсартылған мағынасы «шық бермес Шығайбай», «қолы тар», «қуса құмалақ түспейді», «қысты күні қар бермейді» секілді тұрақты тіркестері белсенділікке ие болады. Ал «*қарынбай – қарау – қарабай – пес – шығымсыз – сырдаң – қатты – сығырдаң*» сияқты мағыналастарының сөзқолданысы азайды. Демек, «сараң» сөзінің синонимдік қатарында фразеологизмдер реттілігі бойынша бірінші болады. Бұл – жалпыхалықтық коммуникацияда негатив сөздердің астарлы, бейнелі қолданысын пайдаланудың тиімділігі мен қолайлығының көрсеткіші. Бұл коммуникациядағы стереотиптердің тілдегі тұрақтылығын көрсетеді. Бейнелі стереотиптер әдетте жағымсыз ұғымдарды жұмсартып жеткізуде жиі қолданылады. Соның негізінде тілде тұрақталады да, әдеби тілдік қорға тіркеледі. Тиянақтау үшін тағы бір мысал келтірейік: «еңгезердей жігітсің» деген тіркестің мағыналық реңкінде жағымсыз сипат бар сияқты. Сондықтан оның орнына жағымды сипаттайтын «*екі иығына екі кісі мінгендей», «темсе темір үзетін», «қол аяғы балғадай» алып денелі, тұлғалы, иықты*, *қақпақтай, таудай, алпамсадай, қошқардай, нардай, алпамса, мауыздай, алып, еңгезердей, қапсағай, алпауыт, білдей, сойталдай, соқтауылдай, соқтандай, келепандай, сойталдай, дыңдай, зіңгіттей, сомаладай, сойдауыттай, бақандай, дығырдай, дардай, таудай, сойылдай, сомадай, соқтадай, дырдай, дыраудай* деген мағыналас қатарлары белсенділікке ие. Осы ойымыздың негізін ғалым Г.Смағұлова: «Нақты сезім түрлерін белгілеуде эмоцияны саралайтын экспрессиялық белгілер мағыналас фразеологизмдердің қатарларынан-ақ мен мұндалап тұрады. Себебі тірек сөз, тірек ұғымның өзінен кейде эмоционалдық мазмұнын байқауға болады» [15, 7]. Синонимдерді зерттеу мәселесі еуропалық ғылыми басылымдарда санадағы ассоциациялану ерекшелігі мен когнитивтік-синергетикалық аспектіде қарастырылуы мәндес сөздерге деген қызығушылықты көрсетеді. Мәселен, еуропалық басылым XLinguae журналында: «Les participants au test choisissent des synonymes pour les mots Janybek, Kazakh Khanate, par exemple: Janybek, Khan, Janybek – fondateur de la Horde Blanche, Horde Blanche – Horde Bleue, Horde Blanche – Desht-i Kipchak: antonymes: Janybek – Aboulkhaïr (ennemi) ; associations créées par l'implication du mot dans des rangées syntagmatiques, par exemple, combinaisons de mots: Janybek – Khan de l'Ak Horde, Grand Conseil de Janybek, quartier général de Janybek Khan» – деген теориялық тұжырым мен практикалық мысалдарда бір ұғымды қабылдаудағы адам санасындағы бейненің субъектінің когнитивтік әрекетіне тікелей қатысты екендігін көрсетеді. Бұл жерде зерттеушілер когнитивтік-синергетикалық аспектіге басымдық бергенімен санадағы ассоциацияның психолингвистикалық әрекет-тестікпен тікелей байланысқа түсетіндігі когнитивтік-синергетикамен сабақтастықта қарастырады [16, 73]. Бұл мәселеге қатысты профессор С.Бизақовтың зерттеуінше: «Белгілі бір ұғымды білдіретін мәндес сөздердің қатарын синонимдік қатар дейміз. Әрбір қатарда бір сөз басқа синонимдерге қарағанда басым айтылып, басқа сөздерді өзінің төңірегіне топтауға негіз болады» [17, 9].

Қазақ тілінің синонимдер сөздігі мағыналас фразеологизмдермен толықпаған. Біздіңше, толық синонимдер сөздігі лексикалық қабаттағы барлық мағыналас сөзқолданыстарды (жергілікті сөздер (диалектілер), фразеологизм, перифраза, жаңа/көне сөздер) қамтуы тиіс. Бейнелі перифразалар, тұрақты теңеулер мен тұрақты тіркестер, окказионалды қолданыстар, метафоралар, тіпті метонимиялар арасынан мағыналас сөзқолданыстар қатарын жасауға болады. Мысалы: «өлім» ұғымының синонимдік қатары – *ажал, қаза* сөздерімен шектелген. Ал публицистикалық және көркем стильдегі қазақ мәтіндерінде бұл сөздің мағынасын алмастыратын сөзқолданыстар өте көп. Мәселен: *Өлім – ақырет күні, тіршіліктің таусылуы, демнің үзілуі, ақ кебінге орану, келмеске кету, қайтыс болу, о дүниелік болу, жүрек тоқтау, мәңгілік ұйқы, жерге сіңу, табыт болу, бақилық болу, рухы ұшу, жан тапсыру, аруаққа айналу,*

дәм-тұзы таусылу, дүниеден өту, жазатайым болу, морт сыну, жан тәсілім қылу, жер қабу, желкесін қию, көз жұму, күні біту, көрге кіру, қайтпас сапарға кету, т.б. Осы аталған тұрақты фразалардың әрқайсысы – халықтың когницияльық танымынан, сезім мүшелері арқылы визуалды, тактильді тануы арқылы санада қалыптасқан ақиқат дүниенің тілдік бейнелері саналады.

Қазақ тілінде барлық сөздің лексикалық мағыналастары болуы мүмкін емес. Бірақ фразеологиялық мағыналастары кездеседі. Мысалы: «жұмысбасты» сын есімінің лексикалық синонимі жоқ, бірақ фразеологиялық мағыналастарынан синонимдік қатар құруға болады. *ЖҰМЫСБАСТЫ – жұмысы шаш етектен – мұрнынан шаншылу – мұршасы болмау – тыным таппау – тізе бүкпеу – ат үстінде жүру – қызыл танау болу – сіңбіруге мұршасы болмау*, т.б.

Орын ауыстыру – синонимдік қызметтің негізгісі болып саналады. Себебі мағыналардың өзара орын ауыстыру мүмкіндігіне ие болуы синонимдік операцияның басты категориялық белгісі деп танылады. Мағыналардың орнын ауыстыру қызметі нөлдік оппозиция (күмән келтірмейтін), толық эквивалентті (толық сәйкестік); дистрибуция (теңмағыналылар желісі) сияқты қабілеттерден тарайды. Мағыналардың орын ауыстыру қызметі – теңмағыналы сөздердің пайда болуынан туындайды. Теңмағыналы сөздердің қалыптасуын «тіл мен ой» қатынасындағы, яғни тілдік санадағы конструкция аясында анықталуы тиіс. Сондықтан синонимдердің басты қызметі – орын ауыстыру антропоцентристік лингвистика аясында когнитивті синонимдердің қатарын қалыптастырады. Когнитивті синонимдер – тілдік жүйедегі белгілі бір ұғымның мағыналас бірліктерінің жиынтығы. Когнитивтік синонимдерді құрайтын ассоциациялар мен стереотиптер мағыналас компоненттердің психолингвистикалық тәсілдер арқылы бір өріске жиналуының негізінде қалыптасады.

Синонимдердің орын ауыстыру қызметі стилистикалық мұқтаждықтан туындаған, себебі мәтін ішінде бір сөзді қайталай беруден гөрі орын ауыстыратын абсолютті теңмағыналы сөздерді болуы сөйленіс тәжірибесінен, сөздің стилистикалық мәдениетінен туындаған.

Синонимдік қатардың кеңеюі «архизм - историзм - неологизм» үштігі арқылы жүзеге асуда. Мәселен, «бастық - менеджер» синонимдерінің арасында қандай мағыналас тізбектер болатынын талдап көрелік: *бастық – басшы – басқарушы – директор – әкімші – менеджер – топ-менеджер*. Синонимдік қатардың кеңейгені соншалық, бірнеше тарихи оқиғаларды еске түсіреді. Демек, адамтанымда және қоғам сұранысында белгілі бір зат не құбылыс қолданыстан шықпаса да ұғымның атауы өзгереді екен. Бұл құбылыс синонимдік қатарды кеңейте түседі.

Бұнымен қоса белгілі бір зат не құбылыстың қызметі мен түр-сипаты қоғамның даму деңгейіне қарай өзгеретіні сияқты сол ұғымның атауына да өзгерістер енеді. Мәселен, «телефон» сонау 19 ғасырдан бері қолданыстағы қоғам сұранысындағы техникалық құрылғы негізгі атауын өзгертпегенмен, телефонның жаңа түрлерінің пайда болуына сай атауына да өзгерістер енгенін білеміз: *телефон – радиотелефон – ұялы телефон – модильді телефон – қалтафон – смартфон – айфон – мобильник*. Тілдегі бұл құбылыс та синонимдік қатардың кеңею қағидаттары болып саналады.

Қорытынды. Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттың дамуында синонимдер қатарын кеңейтуде психолингвистикалық тәсілдің қызметі маңызды. Синонимдерді психолингвистикалық аспектіде зерттеу арқы тіл иесі субъектінің сөз байлығының құзыреттілігін анықтауға болады. Коммуникация барысында субъектілердің сөз қолданыстарынан синонимдердің жиілігі олардың сөз байлығы мен ой байлығының балансын көрсетеді. Тілдегі синонимдер көркем әдебиеттерде ғана емес, тілдік коммуникация барысында да өзіндік қызмет атқарады. Адам когницияcында ойлау жүйесі басымдыққа ие болып, мағыналық аяны қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Глазанова Е.В. Градуальное измерение вербальной лексики // Проблемы современного теоретического и синхронно-описательного языкознания. – Вып. 4: Семантика и коммуникация: СПбГУ, 2006. – 256 с.

2. Сазонова Т.Ю. Моделирование процессов идентификации слова человеком: психолингвистический подход. – Тверь, 2000. – 134 с.

3. Глазанова Е.В. Типы связей в ментальном лексиконе и экспериментальные методы их исследования. Автореф. дис... канд. филол. наук. – СПб., 2001. – 22 с.

4. Залевская А.А. Психолингвистические исследования. Слово. Текст: Избранные работы. - Москва: Гнозис, 2005. – 543 с.

5. Лебедева С.В. Два подхода к исследованию лексической синонимии. // Психолингвистические исследования значения слова и понимания текста: межвуз. темат. сб. науч. трудов. - Тверь: Тверской гос. ун-т, 1999. – С. 68-73.

6. Болғанбаев Ә. Сөз әлемі. – Алматы, 2018. – 536 б.

7. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы, 2001. – 246 б.

8. Бегалиева Л.Е. Қазақ тіліндегі синонимдердің зерттелуі мен жасалу жолдары // «Internftional conference building cultural dridges. Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет, аударма және журналистика мәселелері» атты халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2013. – 480 б.

9. Сағындықұлы Б., Аманжанова Ж. Зат есімнен жасалған синонимдердің семантикалық және қолданыстық реңкі // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. № 2 (178) 2020. – 159-165 бб.

10. Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер. – Алматы, 2018. – 128 б.

11. Қазақ тілінің ұлттық корпусы. – [Электронды ресурсы]. Кіру режимі: https://qazcorpus.kz/find/

12. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы, 2005. – 720 б.

13. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т 6. – Алматы, 2011. – 800 б.

14. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы, 2016. – 1472 б.

15. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы, 2010. – 252 б.

16. Baikadamova A., Bizhkenova A., Sarsikeyeva G. The construction of meanings in a textual space: cognitive-lexical and cognitive-synergetic aspects [Structuration des sens dans l'espace textuel: les aspects cognitifs lexicaux et cognitifs synergiques] // XLinguae 16(4), 66-82. DOI: 10.18355/XL. 2023. ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X.

17. Бизақов С. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы, 2022. – 587 б.

References:

1. Glazanova E.V. (1996). Gradual'noe izmerenie verbal'noj leksiki // Problemy sovremennogo teoreticheskogo i sinhronno-opisatel'nogo yazykoznaniya. – Vyp. 4: Semantika i kommunikaciya: SPbGU. – 256 b. [in Russian]

2. Sazonova T.U. (2000). Modelirovanie processov identifikacii slova chelovekom: psiholingvisticheskij podhod. – Tver'. – 134 b. [in Russian]

3. Glazanova E.V. (2001). Tipy svyazej v mental'nom leksikone i eksperimental'nye metody ih issledovaniya. Avtoref. dis... kand. filol. nauk. – SPb. – 22 b. [in Russian]

4. Zalevskaya A.A. (2005). Psiholingvisticheskie issledovaniya. Slovo. Tekst: Izbrannye raboty. - Moskva: Gnozis. - 543 b. [in Russian]

5. Lebedeva S.V. (1999). Dva podhoda k issledovaniyu leksicheskoj sinonimii // Psiholingvisticheskie issledovaniya znacheniya slova i ponimaniya teksta: mezhvuz. temat. sb. nauch. trudov. - Tver': Tverskoj gos. un-t. - B. 68-73. [in Russian]

6. Bolganbaev A. (2018). Soz alemi. – Almaty. – 536 b. [in Kazakh]

7. Abilkasymov B. (2001). Abilgazy hannyn «Tyrki shezhiresi» zhane onyn tili. – Almaty. – 246 b. [in Kazakh]

8. Begalieva L.E. (2013). Kazakh tilindegi sinonimderdim zerttelui men zhasalu zholdary // «International conference building cultural dridges. Madenietter togysyndagy til, adebiet, audarma zhane zhurnalistika maseleleri» atty halykaralyk konferenciya materialdary. – 480 b. [in Kazakh]

9. Sagyndykuly B., Amanzhanova Zh. (2020). Zat esimnen zhasalgan sinonimderdin semantikalyk zhane қoldanystyk renki // Al-Farabi atyndagy Kazakh ulttyk universitetinin Habarshysy. Filologiya seriyasy. № 2 (178). – 159-165 bb. [in Kazakh]

10. Orazbaeva F. (1988). Kazirgi kazakh tilindegi syn esim sinonimder. – Almaty. – 128 b. [in Kazakh]

11. Kazakh tilinin ulttyk korpusy. Retrieved from https://qazcorpus.kz/find/ [in Kazakh]

12. Kazak tilinin sinonimder sozdigi. (2005). Almaty. – 720 b. [in Kazakh]

13. Kazak adebi tilinin sozdigi. (2011). T 6. Almaty. – 800 b. [in Kazakh]

14. Zhalpy bilim berudegi kazak tilinin zhiilik sozdigi. (2016). Almaty. – 1472 b. [in Kazakh]

15. Smagulova G. (2010). Magynalas frazeologizmder sozdigi. Almaty. – 252 b. [in Kazakh]

16. Baikadamova A., Bizhkenova A., Sarsikeyeva G. (2023). The construction of meanings in a textual space: cognitive-lexical and cognitive-synergetic aspects [Structuration des sens dans l'espace textuel: les aspects cognitifs lexicaux et cognitifs synergiques] // XLinguae 16(4), 66-82. DOI: 10.18355/XL. 2023. ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X.

17. Bizakov S. (2022). Kazak tilinin sinonimder sozdigi. – Almaty. – 587 b. [in Kazakh]

МРНТИ 16.21.45 10.51889/2959-5657.2025.91.1.002

**Молдагалиева Р.Ш.[1], Бигалиева А.С.[2]*
**[1]Медицинский университет Астана*
Астана, Казахстан
[2]Городской научно-методической центр новых технологий образовании
Алматы, Казахстан
**e-mail: moldagaliyeva66@mail.ru*
e-mail: aiman_bigalieva@mail.ru

МЕТАФОРИЧЕСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЗВУКОВ ПРИРОДЫ И ТЕХНИКИ В РУССКОМ, КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация

В статье были проанализированы метафорические употребления глаголов речи, основанные на звуках природы и техники, в русском, казахском и английском языках. Исследование направлено на выявление закономерностей метафоризации и ее различий в трех языковых системах. Особое внимание было уделено глаголам, обозначающим звуки грома, воды и механические шумы, а также их семантическим особенностям. Анализ материала, извлеченного из Национального корпуса русского языка, Алматинского корпуса казахского языка и Британского национального корпуса английского языка, показал, что звуки природы метафорически связаны с эмоциями и тембром голоса, тогда как звуки техники передают индивидуальные особенности речи человека. Работа способствует более глубокому пониманию механизмов метафоризации, языкового мышления и межкультурных различий.

Ключевые слова: метафора, глаголы речи, звуки, звуки природы, звуки техники

*Молдагалиева Р.Ш.[1], Бигалиева А.С.[2]
*[1]Астана медицина университеті
Астана, Қазақстан
[2]Білім берудегі жаңа технологиялар бойынша қалалық ғылыми-әдістемелік орталық
Алматы, Қазақстан
*e-mail: moldagaliyeva66@mail.ru
e-mail: aiman_bigalieva@mail.ru

ОРЫС, ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТАБИҒАТ ПЕН ТЕХНИКАНЫҢ ДЫБЫСТАРЫН МЕТАФОРАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде табиғат пен техниканың дыбыстарына негізделген сөйлеу етістіктерінің метафоралық қолданылуы талданды. Зерттеу үш тіл жүйесіндегі метафоралану заңдылықтарын және олардың айырмашылықтарын анықтауға бағытталған. Негізінен найзағай, су дыбыстары мен механикалық шуларды білдіретін етістіктер және олардың семантикалық ерекшеліктері қарастырылды. Орыс тілінің Ұлттық корпусы, қазақ тілінің Алматы корпусы және ағылшын тілінің Британ ұлттық корпусынан алынған материалды талдау табиғат дыбыстарының эмоциялармен және дауыс ырғағымен метафоралық байланысы бар екенін, ал техникалық дыбыстардың адамның сөйлеу ерекшеліктерін жеткізетінін көрсетті. Бұл зерттеу метафоралану механизмдерін, тілдік ойлауды және мәдениаралық айырмашылықтарды тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Түйін сөздер: метафора, сөйлеу етістіктері, дыбыстар, табиғат дыбыстары, техникалық дыбыстар

*Moldagaliyeva R.[1], Bigaliyeva A.[2]
*[1]Astana Medical University
Astana, Kazakhstan
[2]City Scientific and Methodological Center for New Technologies in Education
Almaty, Kazakhstan
*e-mail: moldagaliyeva66@mail.ru
e-mail: aiman_bigalieva@mail.ru

METAPHORICAL INTERPRETATION OF NATURAL AND TECHNOLOGICAL SOUNDS IN RUSSIAN, KAZAKH, AND ENGLISH LANGUAGES

Abstract

This article analyzes the metaphorical usage of speech verbs based on natural and technological sounds in Russian, Kazakh, and English languages. The study aims to identify the patterns of metaphorization and its differences in the three linguistic systems. Special attention is given to verbs denoting thunder, water sounds, and mechanical noises, as well as their semantic features. Analyzing data from the Russian National Corpus, the Almaty Corpus of the Kazakh Language, and the British National Corpus has revealed that natural sounds are metaphorically linked to emotions and voice timbre, while technological sounds convey individual speech characteristics. This study contributes to a deeper understanding of metaphorization mechanisms, linguistic thinking, and intercultural differences.

Keywords: metaphor, speech verbs, sounds, natural sounds, technological sounds

Введение. Метафора – это слово или выражение, используемое в переносном значении, основанное на скрытом сравнении одного предмета или явления с другим по общему признаку

[1, 40]. Этот прием присущ всем стилям и жанрам, но особенно широко применяется в художественных текстах для образного сопоставления объектов на основе их схожих характеристик. Основная его функция – передача чувств, эмоций и живых образов, возникающих перед читателем.

Когнитивная ценность метафоры была подчеркнута в работе Дж. Лакоффа и М. Джонсона. В частности, они утверждают: «Суть метафоры в том, чтобы понимать и выражать что-то одно в терминах другого» [2, 13].

В основе их теории лежит представление о метафоре как о языковом явлении, отражающем процесс познания мира: «…Метафоры – это та структура, которую мы воспринимаем то, как мы думаем и то, что мы делаем». Соответственно исследование процессов метафоризации считается ценным источником информации о принципах работы человеческого мышления. Они также утверждают, что несмотря на то, что вы используете каждодневно «нормальный язык», «… ваш способ говорить, понимать и даже выражать свой взгляд на ситуацию может быть выражен метафорическими моделями» [2, 16].

Анализ метафорической модели предполагает рассмотрение двух основных аспектов: источника и цели метафоры. Источником выступает семантическая область, в которой слова используются в их буквальном значении, тогда как цель метафоры охватывает семантическую сферу, где слова обретают переносный смысл [3, 620].

Целью данной статьи является изучение механизмов обогащения системы глаголов речи в русском, казахском и английском языках. Несмотря на сложность и многообразие этой системы в каждом из языков, она продолжает развиваться за счет метафорического переноса глаголов из смежных семантических областей. В частности, одной из таких областей-источников выступают глаголы, описывающие звучание. В этом контексте мы последовательно рассматриваем метафорические употребления глаголов, связанных со звуками природы и техники.

Материалы и методы. Материалом исследования являются метафорические употребления глаголов речи с обозначением звуков природы и техники, собранные из Национального корпуса русского языка, Алматинского корпуса казахского языка и Британского корпуса английского языка. Примеры были проанализированы, их значения описаны, а выявленные семантические процессы сопоставлены. Проведенное исследование позволило установить общие и специфические закономерности метафоризации глаголов речи в разных языковых системах.

Результаты и обсуждение. Рассмотрим метафорические обозначения речи, которые достигаются с помощью звуков природы. В первую очередь в таких метафорах участвуют глаголы, выражающие звуки грома и воды.

Звуки грома обозначается в русском языке глаголами *греметь, рокотать*; в казахском языке – *күркіреу*; в английском языке – *to thunder*.

Значение глагола *греметь* описывается так [4, 344]:

1. издавать громкие, резкие, раскатистые звуки; грохотать;
2. говорить громким возбужденным голосом, с жаром или гневом:

(1) — *Ура-а-а!* — ***гремит*** *в полтораста глоток, в тон высоко взятой ноте, поднимаясь и вызванивая гимн.* [В. Г. Распутин. Новая профессия (1998)];

(2) *Да если на ваших глазах,* — ***гремел*** *Куник,* — *нападают на человека и грабят посреди улицы, а у вас, прохожего, просят платочек, чтоб заткнуть жертве рот…* [Юрий Трифонов. Дом на набережной (1976)];

3. пользоваться громкой известностью, славиться чем-л.:

(3) *Советская переводческая школа* ***гремит*** *на весь мир*. [Сергей Довлатов. Переводные картинки // «Иностранная литература», 1990].

В прямом значении глагол *рокотать* тоже может обозначать звуки грома и звуки мотора [5, 729]:

1. издавать, производить рокот// звучать, раздоваться рокотом;
2. говорить, петь низким, раскатистым голосом:

(4) – *Удавлю!* — ***рокотал*** *голос свыше, подобный пролетающему самолету. Я вскочил.* [Сергей Шаргунов. Дача, Жанна, драка с дураком (2008-2010)];

(5) *«Я все понимаю!* — ***рокотал*** *Кручина.* — *Маленькая зарплата!* [Михаил Елизаров. Библиотекарь (2007)];

(6) – *Братцы, луна с небо упала! – на весь взвод мощно* ***рокотал*** *Полукаров* (Словарь русского языка, 1984).

В казахском языке глагол *күркіреу* употребляется в следующих значениях [6, 558]:

1. найзағай жарқылдаған кезде жаңғырыққан күшті дыбыстың естілуі (звук, который слышаться, когда гром гремит);

2. күжілдеу, барқырау, қолқа тамақты қырып, кернеп шыққан жуан дауыстың естілуі (когда слышится глухой, хриплый голос):

(7) – *Содан соң: – Бастайық! – деді* ***күркіреп***. (Әзілхан Нұршайықов, 1922–2011);

(8) – *Бұл әнді салғанда оның* ***күркіреген*** *дауысы бәріне естілді* (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011).

В английском языке глагол *to thunder* употребляется [7, 1636]:

1. when it thunders, there is a loud noise in the sky during a storm storm (когда гром гремит, в небе во время шторма раздается громкий шум);

2. to shout, complain, etc. very loudly and angrily (кричать, жаловаться, и т. д. очень громко и сердито):

(9) *He* ***thundered*** *against the evils of television* ([Daily Telegraph, elect. edn. of 19920415]. Leisure material, pp. 1451 s-units.);

(10) *`Sit still`* ***thundered*** *Miss Lodsworth* (Polo. Cooper, Jilly. London: Bantam (Corgi), 1991, pp. 162-267. 2771 s-units.);

(11) *'Don't argue with me, Miss Honey!' the Headmistress* ***thundered***. (Matilda. Dahl, Roald. Harmondsworth: Puffin, 1989, pp. 7-240. 3516 s-units.).

Звуки воды также приобретают метафорические значения: в русском языке *бурлить*; в казахском *бұрқылдау* и в английском *to gurgle*.

В русском языке глагол *бурлить* употребляется следующим образом [4, 126]:

1. бурно волноваться; клокотать;

2. проявлять возбуждения в движениях, громких криках, шуме и т.д. (о толпе, множестве людей).

Но также глагол может употребляться для обозначения «ворчать, буянить, браниться»:

(12) *Да!* — ***бурлила*** *Ленка.* — *Ну, щас доедим и пойдём оболочки плодного пузыря разведём, правильно, Татьяна Юрьевна?* [Татьяна Соломатина. Акушер-ХА! Байки (2009)].

В казахском языке глагол *бұрқылдау* употребляется [6, 375]:

1. сұйық заттың қатты қайнағанда бұрқ-сарқ дыбыс шығаруы, сақырлап қайнау, бұрқ-бұрқ ету (звуки, описывающие сильное кипение воды);

2. ашу шақыру, долдану (говорить со злостью, гневаться):

(13) – *Неменеге келдіңіз?-деп* ***бұрқылдады*** *Қатипаш әкім*. (Мұхтар Шерім. Күйеуім «көрнекі құрал» екен...);

(14*)«Қайта сіздерді ойлап, осындай сыйлық таратып отырған ұйымдастырушыларға, елбасына рахмет айтудың орнына «жалобы» айтасыздар деп орысша* ***бұрқылдады****», – дейді Жандос Дүйсекеев.* (https://qazaquni.kz/2016/12/08/61723.html).

В английском языке глагол *to gurgle* употребляется [7, 699]:

1. to make a sound like a water flowing quickly though a narrow space (звуки воды, которая течет через узкое простанство);

2. if a baby gurgels, it makes a noise in its throat when it is happy (ребенок издает шум в горле, когда он счастлив):

(15) *Lilian, unconcerned at fifteen months,* ***gurgled*** *in her mother's arms*. (Flood water. Ling, Peter. London: Headline Book Pub. plc, 1993, pp. 3-108. 2967 s-units.).

Также глагол *to gurgle* имеет значения как «бормотать» и «ворчать»:

(16) *Jacqui* ***gurgled*** *something incomprehensible, as Kattina's tongue shot into her mouth to save her the embarrassment of replying*. (War in high heels. Falconer, Piers. London: Nexus, 1993, pp. 92-199. 3047 s-units.);

(17) *'You haven't seen me ride,' she* ***gurgled****.* (A stranger's trust. Richmond, Emma. Richmond, Surrey: Mills & Boon, 1991, pp. 3344 s-units.).

Интересно, что звуки грома в русском и английском языках метафорически обозначают слишком громкую речь, часто агрессивную. В то же время в казахском языке со звуками грома отождествляется глухой, низкий голос.

Метафорические способы обозначения звуки воды схожи в трех языках, они имеют общую семантику «бормотать, ворчать».

Звуки техники же могут быть разграничены как звуки техники, звуки инструментов и звуки удара/треска/скрипа.

Для описания *звуков машины* в русском языке используются глаголы *тарахтеть, гудеть*; в казахском языке *гүрілдеу*.

Глагол *тарахтеть* употребляется [4, 589]:

1. производить шум, стук, треск;

2. говорить быстро, без умолку; тараторить, трещать:

(18) *Тут раздался еще один звонок, пропитым баском мужик что-то* ***тарахтел*** *по-английски.* [Василий Аксенов. Новый сладостный стиль (2005)];

(19) *Рагулин добродушно улыбнулся и сказал сам себе : – Тарахтела,* ***тарахтела****, а толком ничего и не сказала* (Словарь русского языка, 1984).

Глагол *гудеть* обозначает [4, 355]:

1. издавать длительный пратяжный низкий звук, гул;

2. издавать протяжные низкие звуки, сигналы с помощью особового приспособления; давать гудки;

3. непрерывно, сильно ныть (об ощущения боли, усталости):

(20) **—** *Ну, одолели наконец, погрузили в машину,* **— *гудел*** *Варенуха, выглядывая из-за листа и ладонью прикрывая синяк.* [М. А. Булгаков. Мастер и Маргарита, часть 1 (1929-1940)];

(21) *"И ещё испускал дух, стоило ему собраться с таковым, засыпающий отец Мухина, что просыпался, однако, не согласный ни с чем и ни с кем, и всякий раз прощально* ***гудел****: "Я всё р-разрушу-у-у-у!"* [Олег Павлов. Карагандинские девятины, или Повесть последних дней // «Октябрь», 2001].

В казахском языке глагол *гүрілде* употребляется как [6, 372]:

1. трактор, танк т.б. техникалық құралдардың гүр-гүр етіп дыбыс шығаруы (звук, который издает трактор, танк и т.д.);

2. гүр-гүр етіп жуан дауыспен сөйлеу (разговаривать хриплым голосом):

(22) *Қазір олар төр үйге шай жасап болып, Ұлпанды шақыруға келе жатыр еді,* ***гүрілдей*** *сөйлеп Есеней кіріп келді: – Әлгі Мүсіреп мақтаншақтың кең сарайдай деген үйі осы ма? – Осы, осы! – деді Ұлпан. – Бері кел, бері қарай!* (Ұлпан, Ғабит Мүсірепов, 1974).

Интересно, что в английском языке звуки машины описывается звуками животных (*to roar, to growl*) и звуками грома (*to thunder,to ruttle*), т.е. сами являются результатами метафоризации. Поэтому количество звуков машин, имеющих метафорические обозначения очень мало.

Как правило, данная группа глаголов употребляется для обозначения индивидуальных особенностей речи говорящего.

Для описания *звуков инструментов*, подвергающихся метафоризации в русском языке, используются глаголы *трубить, дудеть*.

Глагол *трубить* определяется как [4, 417]:

1. издавать звуки, дуя в трубу;

2. повсюду говорить о чем-, о ком-л., распространять какие-л. слухи, сведения, известия:

(23) *Слишком они уж открыто обо всем этом* ***трубили****: «Уничтожить!»* [Ю. О. Домбровский. Факультет ненужных вещей, часть 4 (1978)];

(24) — *Слуга покорный,* — ***трубил*** *Амвросий,* — *представляю себе твою жену, пытающуюся соорудить в кастрюльке в общей кухне дома порционные судачки а натюрель!* [М. А. Булгаков. Мастер и Маргарита, часть 1 (1929-1940)].

Значения глагола *дудеть* описываются в [5, 451]:

1. играть на дудке или каком-л. другом духовом инструменте;

2. надоедливо, однообразно повторять одно и тоже:

(25) — *Так и сомнений не было,* — *мирно* ***дудел*** *свое Вован,* — *этот, то есть эта* — *черная, а Лаврик светленький.* [Дарья Донцова. Микстура от косоглазия (2003)];

(26) *Целый день, с утра до ночи в уши дудят: то не так, другое не так* [И. Грекова. На испытаниях (1967)].

Таким образом, если метафорическое значение глагола *дудеть* связано с однообразным повторением речи, то глагол *трубить* сближается с глаголами *декларации*.

Звуки удара/ треска/ скрипа в русском языке определяются глаголами *скрипеть, трещать*, в казахском языке *тоқылдау*, в английском *to boom*.

Глагол *скрипеть* обозначает [4, 355]:

1. издавать скрип//производить скрип чем-л.;

2. говорить резким, скрипучим голосом, ворчать:

(27) *–Дормоеды –* ***скрипел*** *дед, хотя мы совершенно не пользовались его хлебом* (Словарь русского языка, 1984);

(28)"*Вот тебе и единая, неделимая!"* — ***скрипит*** *Лилович.* [И. Грекова. Фазан (1984)].

Значения глагола *трещать* употребляется [4, 410]:

1. издавать треск // производить сухой, резкий и дробный шум, стук, напоминающий треск;

2. говорить быстро и много, не умолкая; тараторить:

(29) — *Ах, королева,* — *игриво* ***трещал*** *Коровьев,* — *вопросы крови* — *самые сложные вопросы в мире!* [М. А. Булгаков. Мастер и Маргарита, часть 2 (1929-1940)];

(30) *Они остановились, быстро и не совсем понятно* ***трещали*** *на русском, но не вполне узнаваемом языке.* [Людмила Улицкая. Казус Кукоцкого [Путешествие в седьмую сторону света] // «Новый Мир», 2000];

(31) *После хлопотного дня Анке хочется побыть одной на морозе, отдохнуть. А Ванюшка* ***трещит*** *без умолку* (Словарь русского языка, 1984).

Семантика глагола *брякать* употребляется как [4, 120]:

1. издать звук при ударе (о металлических, стеклянных предметов);

2. необдуманно и неосторожно сказать:

(32) *Я и сам напугался, ее напугав; это очень опасно —:* ***брякать*** *лишнее, особенно в моем положении.* [Сергей Носов. Фигурные скобки (2015)];

(33) *Литвинов так и* ***брякнул*** *одному, что он пуст, как бубен, другому, что он скучен до обморока* (Словарь русского языка, 1984).

Глагол *стучать* употребляется [5, 296]:

1. производить чем-л. или издавать стук, шум при ударах, толчках;

2. ударить (в дверь, окно), стуком выражая просьбу впустить куда-л;

3. доносить на кого-то:

(34) *Иногда Руська* ***стучал*** *и на зэков* — *по каким-либо незлостным мелочам, сам же предупреждая их об этом.* [Александр Солженицын. В круге первом, т.1, гл. 26-51 (1968) // «Новый Мир», 1990].

В казахском языке глагол *тақылдау* имеет следующие значения [6, 640]:

1. тақ-тақ ету, тарсылдау (стучать);

2. мүдірмей бөгетсіз, тық-тық етіп сөйлеу (разговаривать быстро без ошибок):

(368) *Жаттап айтқан сөздерді* ***тақылдамай****, жүрегіңді жарып шыққан пікіріңді білдір* (Ә. Нұршайықов, Жер туралы).

В английском языке глагол *to boom* употребляется [7, 165]:

1. to make a loud deep sound (издавать громкий глубокий звук);

2. to say sth in a loud deep voice (сказать что-то громким голосом):

(35) *' Hurry up, you two!' boomed Thacker.* (A twist of fate. Scobie, Pamela. Oxford: OUP, 1990, pp. 49-153. 3474 s-units.);

(36) *`Darling,' he boomed,' you've no idea how much I've missed you.'* (Nudists may be encountered. Scott, Mary. London: Serpent's Tail, 1991, pp. 7-115. 3092 s-units.).

Интересно, что звуки удара/треска/скрипа в русском языке больше подвержены метафоризации, чем в казахском и английском языках. Глаголы данной группы по большой части относятся для фиксирования индивидуальных особенностей в речи.

Заключение. Таким образом, в статье были проанализированы метафорические обозначения речи из звуков природы и техники во всех трех языках. Установлено, что среди звуков природы наиболее активно в метафоризации участвуют звуки грома и воды. В русском и английском языках метафорически обозначают слишком громкий звук или крик в состоянии злости, в то время как в казахском языке звуки грома отождествляются с глухим, низким голосом. Метафорические употребления глаголов, передающих звуки воды, схожи в трех языках, так как имеют общую семантику «*бормотать, ворчать*».

В русском языке звуки техники чаще используются для метафорического обозначения речи, чем в казахском и английском. Интересно, что в русском и английском языках звуки животных метафорически употребляются для обозначения звуков машины. В целом же глаголы данной группы по большой части используются для передачи индивидуальных особенностей речи.

Следовательно, анализ метафорических обозначений речи, основанных на звуках природы и техники, выявил как общие закономерности, связанные с универсальными семантическими ассоциациями, так и языковые особенности, отражающие культурные и когнитивные различия в восприятии звучащей речи.

Список использованной литературы:

1. Телия В.Н. Метафора в языке и тексте. – М.: Наука, 1988. – 176 с.

2. Lakoff G., Johnson M. Metaphors We Live By // Language, Thought, and Culture. – Chicago/ London, 1980 – P. 124-134.

3. Энциклопедический словарь-справочник лингвистических терминов и понятий. Русский язык. – Т.1. – М.: Флинта: Наука,2008. –840с./ –Т.2. –М.: Флинта: Наука,2008. – 845с

4. Словарь русского языка: В 4-х т./АН СССР, Инс-т рус. яз.; Под ред. А.П. Евгеньевой. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Русский язык, 1981-1984. Т.1. – 696с. / Т.2. –752 с. / Т.3. – 736с. / Т.4. – 794 с.

5. Словарь русского языка: 70 000 слов/ Под. ред. Н.Ю. Шведовой. –21-е изд., перераб. и доп. – М.: Рус. яз., 1989. – 924 с.

6. Қазақ тілінің әдеби сөздігі. Он бес томдық. 15-том. / Құраст.: А. Жанабекова, Т. Жанұзақов, Б. Әбілқасымова және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011.

7. Longman Exams Dictionary, managing editor Stephen Bullon. – London: Pearson Longman, 2006, – 1833 pp.

Reference:

1. Telia V.N. (1988). Metafora v jazyke i tekste [Metaphor in Language and Text] – M.: Nauka. – 176 p. [in Russian]

2. Lakoff G., Johnson M. (1980). Metaphors We Live By // Language, Thought, and Culture. – Chicago/London. – P. 124-134

3. Enciklopedicheskij slovar'-spravochnik lingvisticheskih terminov i ponjatij. (2008). Russkij jazyk [Encyclopedic Dictionary-Reference of Linguistic Terms and Concepts. Russian Language] – Vol.1. – M.: Flinta: Nauka. – 840 p. / – Vol.2. – M.: Flinta: Nauka, 2008. – 845 p. [in Russian]

4. Slovar' russkogo jazyka [Dictionary of the Russian Language]: In 4 volumes / Academy of Sciences of the USSR, Institute of the Russian Language; Edited by A.P. Evgenieva. – 2nd edition

revised and expanded. – M.: Russian Language, 1981-1984. Vol.1. – 696 p. / Vol.2. – 752 p. / Vol.3. – 736 p. / Vol.4. – 794 p. [in Russian]

5. Slovar' russkogo jazyka [Dictionary of the Russian Language]: 70,000 Words / Edited by N.Yu. Shvedova. – 21st edition, revised and expanded. – M.: Rus. Yaz., 1989. – 924 p. [in Russian]

6. Kazak tilinin adebi sozdigi [Literary Dictionary of the Kazakh Language] Fifteen-Volume Edition. Volume 15. / Compilers: A. Zhanabekova, T. Zhanuazak, B. Abilkasymova, et al. – Almaty: Kazakh Encyclopedia, 2011. [in Kazakh]

7. Longman Exams Dictionary. (2006). Managing editor Stephen Bullon. – London: Pearson Longman. – 1833 p.

ҒТАМР 16.21.61 10.51889/2959-5657.2025.91.1.003

Пашан Д.М.
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Алматы, Қазақстан
e-mail: pashan_dan@mail.ru

ҚЫЗБАЛАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЕСІМДЕР: ЗАМАНАУИ ҰСТАНЫМДАР

Аңдатпа

Мақала мазмұны қазіргі тілдік кеңістіктегі қызбалаға қойылып жүрген есімдерді тілдік-әлеуметтік жағынан қарастырады. Есім – әр адамның ең маңызды және жеке қасиеттерінің бірі. Ол бізбен өмір бойы бірге және біздің жеке қасиеттерімізді, мәдени дәстүрлерімізді және діни ұстанымдарымызды анықтайды. Нәрестеге дұрыс есім таңдау да қиын мәселе. Әрбір ата-ана ұрпағына жақсы есім беруді міндет санайды. Мақалада қазақ қыздарының заманауи есімдеріне талдау жүргіземіз. Жеке есім таңдауда басымдық берілетін механизмдер мен ұстанымдар бар. Зерттеуде сол процесстердің жүзеге асуы туралы айтылады. Танымал есімдер мен олардың мағыналық, танымдық талдауы ұсынылады. Нәтижесінде қыздарға есім берудегі басымдықтар айқындалады. Зерттеу жүргізу барысында салыстырмалы-тарихи, статистикалық, этимологиялық, ретроспективті әдістер қолданылған. Автор кісі есімдерінеп қатысты айтылып жүрген ғылыми пікірлерді салыстыра отырып, тілдік айналымдағы мысалдарды келтіреді. Есімдердің жасалу мен берулі формасында ерекшеліктер көрсетілді. Статистикалық мәліметтер Стат.гов.кз сайтынан алынды. Алынған мәліметтер негізінде салыстырмалы талдау жасалды.

Түйін сөздер: есім, антропоним, қызбала есімі, ұстаным, жіктеме, тұжырым

Алғыс: Мақала «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҰК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жазылды.

Пашан Д. М.
Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова
Алматы, Казахстан
e-mail: pashan_dan@mail.ru

ИМЕНА ДЛЯ ДЕВОЧЕК: СОВРЕМЕННЫЕ ПОЗИЦИИ

Аннотация

Содержание статьи рассматривает имена, представляющие интерес в современном языковом пространстве, в языково-социальном аспекте. Имя – одно из самых важных и личных качеств каждого человека. Он остается с нами на протяжении всей нашей жизни и определяет нашу личность, наши культурные традиции и наши религиозные принципы. Выбор правильного имени для ребенка также является сложной задачей. Каждый родитель считает своим долгом дать своему потомству хорошее имя. В статье проведем анализ современных имен казахских девушек. Существуют механизмы и принципы, в которых предпочтение отдается выбору личного имени. В исследовании говорится о реализации этих процессов. Предлагаются популярные имена и их смысловой, познавательный анализ. В результате определяются приоритеты в присвоении имен девушкам. При проведении исследования использовались сравнительно-исторические, статистические, этимологические, ретроспективные методы. Автор приводит примеры в языковом обороте, сравнивая научные высказывания, касающиеся имен людей. Показаны особенности формирования и формы имен. Статистические данные взяты с сайта Стат.гов.кз. На основании полученных данных был проведен сравнительный анализ.

Ключевые слова: имя, антропоним, имя, позиция, классификация, утверждение

Pashan D. M.
Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics
Almaty, Kazakhstan
e-mail: pashan_dan@mail.ru

NAMES FOR GIRLS: MODERN POSITIONS

Abstract

The content of the article examines the names of interest in the modern linguistic space in the Linguistic and social aspect. A name is one of the most important and personal qualities of every person. It stays with us throughout our lives and defines our personality, our cultural traditions and our religious principles. Choosing the right name for a child is also a difficult task. Every parent considers it his duty to give his offspring a good name. In the article we will analyze the modern names of Kazakh girls. There are mechanisms and principles in which preference is given to choosing a personal name. The study talks about the implementation of these processes. Popular names and their semantic, cognitive analysis are offered. As a result, priorities in naming girls are determined. Comparative historical, statistical, etymological, and retrospective methods were used in the study. The author gives examples in linguistic usage, comparing scientific statements concerning people's names. The features of the formation and form of names are shown. Statistical data is taken from the website Stat.gov.kz. Based on the data obtained, a comparative analysis was carried out.

Keywords: name, anthroponym, name, position, classification, statement

Кіріспе. Қазақ халқында кісі есімін қоюдың өзіндік этимологиялық, танымдық, мағыналық өрісі өте зор. Себебі адамның есімі оның тағдырымен тікелей байланысы бар деп есептеген. Ат қоюдың өзі ежелден келе жатқан, құндылығын жоғалтпаған дәстүр. «Адамның есімі тағдырына әсер етеді» деп ұғынғандықтан қазақ халқы ат қоюға айрықша мән берген. Адам есімі өзі өмір

сүрген қоғаммен, мәдениетпен, тұрмыс-тіршілігімен, әлеметтік ортасымен тығыз байланысты болары анық.

Ономастикалық лексика әрқашанда қоғамның тұрақты назарында болады. Оның ішінде антропонимдер өте маңызды сала. Кісі есімдері осы таңға дейін зерттеліп келеді. Бірақ есімдерді қоюдағы заманауи басымдықтар мен ұстанымдар ғылыми тұрғыдан көп айтыла бермейді.

Мақаланың мақсаты осы кемшін тұсты толықтыру, қазіргі қоғамдағы ономастикалық кеңістікті зерттеу болып табылады. Оның ішінде қызбалаға қойылатын есімдер туралы сөз қозғаймыз.

Әдістер мен материалдар. Есімдердің семиотикалық құндылығын, ономастикалық лексиканың семантикалық мазмұнының ерекшеліктерін Т. Жанұзақов, Қ.Рысберген, А.Смағұлова, Ж.Ағабекова, Б. Тілеубердиев, т.б. өз еңбектерінде талдады.

Ғалым Т.Жанұзақ айтуынша, антропонимдік мағлұматтар тілдік және мәдени-әлеуметтік байланыстарды зерттеу барысында белгілі бір теориялық әрі методологиялық мәнге ие келеді. Сонымен қатар ол кісі аттарының социолингвистикалық сипатын да айқындай түседі. Өйткені антропонимдік жүйе әрбір халықтың тарихи, мәдени әрі этникалық, психологиялық және идеологиялық факторларымен тығыз байланысты екен. Антропонимдік жүйенің қызметі әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өресінің дамуымен ұштасып жатады деген ойды айтады. Сондай-ақ, антропонимдік жүйенің қызметі әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өресінің дамуымен ұштасып жатады. ...Тіліміздегі кісі аттары қоғамның даму кезеңі, оның мәдениеті мен этнологиясы, саяси экономикалық күй-жайы, қоғамдық құрылысы жөнінде қыруар мағлұматқа ие келеді. Осы ойды да ғалымдар келтіріп отыр [1, 43].

Г.Мәдиева, А.Әлиакбарованың «Қазіргі қазақ кісі есімдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» атты мақаласы бар. Мақалада кісі есімдерінің лексика-семантикалық топтары айқындалып көрсетілген [2].

Әрбір ұлттың тілі халқының тарихы мен ұлттық кодын сақтайды. Бұл турасында да бірнеше зерттеулер бар. Олардың кей-кезде жаппай қоғамдық факторға айналуының әсерінен ұзақ уақыт халық жадынан кетпей, сол ұлттың тілінде өткен тарихи оқиғалармен байланысты белгілі бір адамдар есімі, тіпті жер-су аттары да қоса айтылып, халық жадында сақталып қалады [3] – деген пікірді жас ғалымдар да айтады.

Нәтижелер және талқылау. Кісі есімі қай кезеңде болса да маңызды болып саналады. Негізінен әрбір ұлттың қалыптасқан, дәстүрлі ат қою үрлістері бар. Олар ешқашан қолданыстан шықпайды, өзіндік ұлттық сипаттармен ерекшеленеді. Ол халықтың рухын, халықтық кодты жеткізетін атау.

Қоғамда адам есіміне әсер ететін жағдайлар бар.

Әлеуметтік. Адамның есімінде әлеуметтік ақпарат жасырылады, есіміне қарап, ұлтын, шығу тегін, дінін, кей жағдайда мінезін де анықтауға болады деп айтылады. Балаға есім берген кезде де сол есіммен өмір сүрген адамдардың өмірін үлгі ретінде алатын жағдайлар да кездеседі. Мысалы, мұсылмандықты ұстанатын отбасы *«Аид – ежелгі грек мифологиясында жер асты өлі жандардың патшалығының құдайы»* мағынасындағы есімді қоймайды. Сондай-ақ, «жаман аты шыққан» кісінің де есімін ұрпағына бермеуге тырысады.

Эмоциональдық. Адамның есімі басқа адамға эмоциональды түрде әсер етеді. Кей есімдер әдемі, ерекше, жағымды естіледі. Ал кейбірі керісінше, жағымсыз сезімдер туындатады. Есімін естіп ақ, араласудан бас тартып қалатын жағдайлар да болады. Осы ұстаным қазіргі кезеңде қатты белең алып отыр. Есімнің әдемі, құлаққа жағымды естілуі мағынадан да маңызды боп барады. Ертеректе қойылатын «Жаманқұл, Итемеген, Көзтимес, Сасықбай, Тезекбай» сынды есімдердің қазіргі заманғы әлеуметтік құны төмендеп барады. Қазір ешкім ұрпағына мұндай есімдерді бермейді.

Дыбыстық. Әрбір есім дыбыстардың жиынтығынан тұрады. Есімді атағанда әртүрлі ырғақ пен тембрді қолданамыз. Есімдер – дыбыстар жиынтығы. Қолданыстан тыс дыбыстық ауытқулар ми қыртыстарын тітіркендіреді. Есімнің әдемі, құлаққа жағымды естілуі мағынадан

да маңызды боп барады. «Айнұр, Әсел, Жанар» сынды қазақтың құлаққа жағымды әуезді есімдерін «Айнура, Аселя, Жанара» деп бұрмалап, айтып жүр. Осылай айту арқылы, нәзік, әдемі естіледі деген қате пікір туындап жүр.

Соңғы кездері адамның есіміне қарап, оның тағдыры мен болашағы туралы айтатындар да көбейіп кетті. Осы жерде мәселе туындап та жатады. Біріншісі – шынымен-ақ адамның есімі мен мінезінің арасында байланыс бар ма, екіншіден – егер байланыс болса, оны есім арқылы анықтауға бола ма?

Тарих ғылымдарының кандидаты А.Горбовский ерте заманда адамның, қаланың, тіпті мемлекеттің тағдыры оның атына байланысты екендігіне сенімді болған. Қазіргі таңда біз мұндай ойлардан аулақ болуға тырысамыз, оларды сандырақ деп қабылдаймыз. Бірақ та мұнда шындық дәні бар сияқты – деген ойды айтады.

1986 жылы американдық психиатрлар зерттеу жүргізіп, ерекше есімдері бар адамдар әртүрлі психикалық комплекстерге бейім екенін анықтады. Сан-Диего және Джорджия университет-терінің мамандары мектеп мұғалімдерінің белгілі бір есімді оқушыларға төмен баға, ал басқа бір есімді оқушыларға жоғары баға қоятындығын анықтады. Тартымды есімдері бар қыздар іскерлік әлемде жақсы жұмыс істемейді, бірақ олар шоу-бизнесте айтарлықтай жетістіктерге жете алады екен. Ағылшын терапевті Тревор Уэстон есімдері алфавиттің соңғы үштен бір бөлігіндегі әріптерден басталатын адамдардың жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдығу ықтималдығы үш есе жоғары екенін айтты [4].

Бұлардан басқа да көптеген ғалымдар, жазушылар мен философтар кісі есімінің оның тағдырына әсерін зерттеумен айналысты. Атап айтсақ, Л.Успенский «Сен және сенің есімің» [5], А. Ф. Лосев «Философия имени» [6], В.Никонов «Есім іздейміз» [7]. Бұл кітаптар біздің қоғамда кең таралған орыс есімдері туралы еңбек. Авторлар есімдердің шығу тегін, мағынасын, қалыптасу тарихын, динамикасын тарихи және қазіргі заманғы тұрғыдан қарастырады Осылармен қатар П. А. Флоренскийдің «Тайна имени» еңбегі [8] бар. Ол өзі дін қызметкері болған. Оның бұл әйгілі жұмысы адамның аты мен жеке басын біріктіру мәселесіне арналған.

АҚШ-та соңғы жүргізілген зерттеулер адам есімінің мінез-құлқымызға, сыртқы келбетімізге, мансабымызға және өмірімізге, танымалдылығымызға, некемізге, жетістіктерімізге және басқалардың бізді қалай қабылдайтынына әсер етуі мүмкін екенін көрсеткен екен. Сонымен қатар адамның өзін-өзі бағалауына ең бірінші әсер ететін есімі деген тұжырым жасалған. Бұл туралы толық ақпаратты «How Our Name Affects Our Personality and Identity: What Social Psychology Says» атты мақаладан оқуға болады. Атап айтар болсақ, мысалы «Мария» есімі қойылған адамды жағымды, жақсы адам ретінде таниды екен. Ал, Эрик, Крик сияқты қатаң дыбыстармен айтылатын есімдер жағымсыз адамдарда болады деп біледі екен [9].

Антропонимика ең алдымен лингвистикалық ғылым ретінде танылып, қоғаммен, тарихпен шендесіп, иық тіресінмен социолингвистикаға етене бауырлас, жақын тұрады. Тіліміздегі кісі аттары қоғамның даму кезеңі, оның мәдениеті мен этнологиясы, саяси-экономикалық күй-жайы, қоғамдық құрылысы жөнінде қыруар мағлұматқа ие. Теориялық әрі методологиялық мәні айрықша мәселе – кісі аттарының саяси-қоғамдық, әлеуметтік табиғаты болып есептеледі. Өйткені адамның жеке аты – антропонимдерді социолингвистикалық тұрғыдан зерттеудегі басты мәселе болып табылады [10].

@armat_gulshyrai инстаграмм парақшасында «Достар қыз баласына әдемі, мағыналы есімдер төменге жаза кетсеңіздер!» деген сауалнама тастаған болатын. 527 мың фоллоуерлері бар. 14662 оқырман лүпіл басып, 4000 ға жуық адам жауап берген екен. Олардың кейбірі бір ғана есім жазса, енді бірі 5-6 ға дейін есімдер ұсынған. Сонымен қатар өзінің қызының есімі кім екенін де қоса айтқан оқырмандар болған.

Біз мақаламызда осы жауаптарды негізге ала отырып, қоғамдағы жастардың қыз баланың есімін қоюда қандай есімдерді басшылыққа алатынын байқадық. Себебі Армат және Гүлшырай есімді блогер жастар, жастары 25 шамасында, олардың оқырмандарының басым бөлігі де

жастар. Сауалға жас шамасы 20 мен 40 жас аралығындағы оқырмандар жауап берген. Жауап ретінде ұсынылған есімдерді саралай келе, ұсынылуы жиілігі тұрғысынан алдыңғы ороындағы есімдер қатарында Көзайым, Айым есімдері аталды. Атап айтсақ: Көзайым – 69, Айым – 49, Ясина – 42, Кәусар – 41, Іңкар – 39, Аруна – 32 Айша – 32, Дария – 32, Амина – 29, Айару, Айлин, Мариям – 25, Айханым – 23, Айсу – 22, Аяла – 21, Жасмин, Аяулым – 19, Аружан –18, Рамина, Інжу –17, Медина, Мейірім –16, Раяна, Лашын, Әсемай, Сағыныш – 13, Сағым – 12, Адина, Айсель, Аяжан, Ақзере есімдері – 11, Айару, Айзере, Айлин, Айсезім Айсырға, Қырмызы, Нұрай, Сырғалым, Тұмарым, Шахназ – 9 рет ұсынылыпты. Армат пен Гүлшырай осы есімдердің ішінен Айсырға есімін таңдапты. «Қызымыз айдай сұлу, жарық, құлағында ай сырғасы жарасқан қазақтың қызы болсын» деген таным болған болар.

Бүгінгі таңда қазақ халқы өзге ұлт өкілдерімен көк аспан астында бақытты да баянды күн кешуде, соның нәтижесі тіпті адам есіміне де әсер етті, тіліміздің сөздік қорында орыс, батыс елдерінен, араб, парсы тілдерінен енген есімдер аз емес.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап тіліміздің сөздік қоры да байи бастады. Неоологизмдермен бірге тарихи атаулар да қайта орала бастады. Тіл жанды құбылыс болғандықтан жүздеген, мыңдаған жаңа сөздер, терминдер қосылып, адам аттары да жаңарып, жаңа мазмұнға ие бола бастады.

Осымен байланысты қазіргі кезде өмір табалдырығын енді аттай бастаған сәбиге қазақ тілінде емес, басқа тілдегі есімдерді беру сәнге (модаға) айналғандай болды. Адам баласы ешкімде жоқ атты ойлап, өзінің сәбиіне әдемі, мағыналы, көркем, ықшам, жарасымды сұлу есімдер іздейтіндігі түсінікті. Бұл әрине қоғаммен, елдің дамуымен тікелей байланысты. Әрине бұл үрдіс орыс, батыс және қазақ халықтарының өзара тығыз мәдени қарым-қатынасына байланысты екені айдан анық,

Кейінгі кездері балаға ат қою, ат беру шегі кеңейе түсті, тіпті шегі жоқ деуге болады. Қазақтың көне, мағыналы, әдемі есімдерден гөрі басқа тілден енген есімдерді қоюға құштар болып тұрады.

Ал, енді қазіргі қоғамдағы қойылатын қызбала есімдерін бірнеше топқа бөліп көрсетіп берейік:

1. Қазақи есімдер.

Қазақтың мағыналы заманауи есімдерінің көпшілігі «ай, күн, бек, жан, тұмар, сұлтан» есімдерімен келіп отыр. Атап айтсақ:

«Ай»-мен келетін есімдер: *Айым, Айғаным, Айкөркем, Айжұма, Айкербез, Айсері, Айсәнім, Айсырға, Айсу, Айханша, Айсунна*

«Күн»-мен келетін есімдер: *Күннұры, Күнім, Күншуақ*

«Бек»-пен келетін есімдер: *Бегім, Бегай, Бегімай, Бегім-Сұлу, Бегімсұлу, Бегімжан, Мұнтазбегім, Мұнтаз-Бегім, Әдия-Бегім, Тұмарбегім*

«Жан»-мен келетін есімдер: *Жаннұрым, Жансүйген, Жаншырай, Жаным*

«Тұмар»-мен келетін есімдер: *Тұмар, Тұмарым, Тұмарлым, Айтұмар, Тұмарбегім*

«Сұлтан»-мен *Сұлтанай, Сұлтан, Айша Сұлтан, Патша Сұлтаным*

Бұл топтарға кірмейтін есімдер де бар: *Ансар, Арузат, Асылай, Аянұр, Бағжанар, Гүлнази (Гүлназия бар), Зинұр (Зейнұр бар), Зинұра, Қыз-Жібек, Мейірім, Моншақ, Назсезім, Нұраят, Тәрбиелі, Айтұмар, Ханайым, Інжу-Маржан*

Меншіктеу формасында келетін есімдер қатары да көбеюде: *Айнұрым, Асылым, Асылайым, Ақмейірім, Гүлмейірім Әселім, Бегім, Бибіназым, Бегім, Жаннұрым, Зерделім, Маралдым, Моншағым, Мұнтазбегім, Нұрлайым, Таңсамалым, Тәттім, Тұмарым, Тұмарбегім, Тұмарлым*

Бұл есімдердің көпшілігі бұрын-соңды қолданылмаған, заманауи жаңа мазмұнға ие әйел есімдері. Қыз есімдерінің қойылуында әйелдің дәрежесін көтеретін, сұлулығы мен даналығын паш етеуге бейім есімдер санаты артып келеді. Бұл қоғамдағы қызбалаға деген құрметтің артқандығының көрсеткіші.

2. Араб-парсы негізді адам есімдері.

Қазіргі таңда арабнегізді әйел есімдерінің қатары көбейіп келеді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы жыл сайын демографиялық мәліметтер ұсынып отырады. Олардың ақпаратына сүйенсек соңғы үш жылда жаңа туылған нәрестелердің көрсеткіші былай екен.

Қазақстан бойынша 1 жастағы еркектер саны 219117 адам, әйелдер саны 205397 адам.

Қазақстан бойынша 2 жастағы еркектер саны 205764 адам, әйелдер саны 193670 адам.

Қазақстан бойынша 3 жастағы еркектер саны 202471 адам, әйелдер саны 190889 адам.

Ұл мен қыздардың туу көрсеткіші бір-біріне жуық. Енді осы қыз балалардың ішінде жиі қойылатын есімдер статистикасы бар, алғашқы жиырмалықты көрсетіп берейік. Алдарыңызға соңғы үш жылдағы қаңтар айындағы, яғни 1 айлық көрсеткіш.

Кесте 1. *Соңғы 3 жылдағы жиі қойылатын қызбала есімдерінің көрсеткіші*

2023 қаңтар	**Жиілігі**	**2022 қаңтар**	**Жиілігі**	**2021 қаңтар**	**Жиілігі**
МЕДИНА	700	МЕДИНА	480	МЕДИНА	441
АЙША	455	АЙЛИН	430	АЙЛИН	426
АЙЛИН	418	АЙША	423	АСЫЛЫМ	396
АСЫЛЫМ	405	АСЫЛЫМ	411	АЯЛА	371
САФИЯ	320	ТОМИРИС	348	АЙША	367
ТОМИРИС	305	РАЯНА	291	АЙЗЕРЕ	344
АМИНА	272	АЯЛА	290	РАЯНА	332
РАЯНА	270	АЙЗЕРЕ	278	АЙЫМ	286
АЯЛА	251	АМИНА	260	АМИНА	274
МАРИЯМ	219	АЙЫМ	245	АЙАРУ	257
АЙЗЕРЕ	218	АЙАРУ	227	ТОМИРИС	246
АЙЫМ	215	САФИЯ	223	САФИЯ	227
АЙКӨРКЕМ	179	МАРИЯМ	210	АЙКӨРКЕМ	204
АЙАРУ	163	КӘУСАР	193	АДИНА	163
КӘУСАР	160	АЙКӨРКЕМ	157	МАРИЯМ	160
ЯСИНА	157	ФАТИМА	151	КӘУСАР	160
ФАТИМА	145	АЯНА	134	АЯНА	159
ӘМИНА	143	ЗЕРЕ	133	ІНЖУ	153
АЯНА	130	ӘМИНА	133	КӨЗАЙЫМ	147
АИША	130	АИША	132	ФАТИМА	146

Көріп отырғандарыңыздай соңғы жылдары «Медина» қызбала есімі алғашқы орында тұр.

Қазақстан бойынша «Медина» аттас барлығы 34189 адам тіркелген, оның ішінде ұлты Қазақтар 31045 адам. Сонда «Медина» есімін қойған өзге ұлт өкілдері 3144 адам екен. Байқағанымдай, 90 % қазақтар қойған есім екен.

«Медина» есімі араб тілінен енген, «қала» деген мағынаны білдіреді. Негізінен «Мадинат ән-Набий» (Пайғамбар қаласы) деген тіркестен алынған. Мәдина мұсылмандардың қасиетті қаласы саналады. Қазақ тіліне «Мәдина» формасында енген есім болатын, соңғы жылдары «Медина» деп түпнұсқаға жақындатып айтып, жазып жүр.

Енді осы есімнің жас бойынша қойылу жиілігін көрсетейік.

Диаграмма 1. «Медина» есімінің қойылу динамикасы

Диаграмма 2. «Медина» есімінің қойылуының ұлттық сипаты

Медина есімінің 1 жас пен 80 жас аралығындағы қоюылу жиілігін анықтадық. Бұл кестеге салғанда былайша көрініс тауып отыр. Медина есімі соңғы 7 жылдықта ғана қойылу жиілігі артқан. Оған дейінгі бесжылдықта 1000 да жетпесе, оның алдындағы 5 жылдықта 500 ге

жетпеген. Сонда Медина есімі жасы үлкен әйел кісілерде сирек кездседі, жоқтың қасы десек те болады, ал 60-80 жастағы апаларымызда бұл есім мүлде жоқ. Медина есімінің жиі қойылуына қарап, ислам дінін ұстанатын халық санының көп екенін де аңғаруға болады.

Кесте 2. *«Медина» есімінің кездесу жиілігінің көрсеткіші*

Жасы	Барлық ұлт	Қазақ	Жасы	Барлық ұлт	Қазақ	Жасы	Барлық ұлт	Қазақ
1	5287	5279	**19**	86	69	**37**	8	5
2	5343	4991	**20**	72	66	**38**	4	4
3	5013	4150	**21**	66	32	**39**	5	4
4	4356	1783	**22**	34	33	**40**	5	3
5	1872	1554	**23**	34	25	**41**	3	2
6	1595	1313	**24**	34	26	**42**	2	2
7	1359	1095	**25**	38	29	**43**	5	2
8	1127	967	**26**	27	20	**44**	4	2
9	967	910	**27**	21	18	**45**	5	4
10	896	682	**28**	21	15	**50**	2	1
11	603	564	**29**	15	14	**60**	0	0
12	604	393	**30**	16	11	**70**	2	1
13	416	295	**31**	11	6	**80**	0	0
14	321	259	**32**	7	5			
15	263	205	**33**	10	5			
16	224	174	**34**	10	9			
17	177	112	**35**	9	7			
18	116	80	**36**	7	6			

Кісі есімдері тек қана дыбыстар жиынтығы емес, мағынасы бар символдық коннатациялар жиыны. Олар мәдени дәстүрлер мен діни нанымдарды, сондай-ақ жеке қасиеттер мен жеке ерекшеліктерді көрсете алады. Баланың атын таңдау – бұл оның өмірі мен жеке дамуына әсер етуі мүмкін жауапты және маңызды қадам.

Қазақстандағы қойылу жиілігі бойынша араб-парсынегізді есімдер алдыңғы орында тұрғанын көріп отырмыз. Қойылатын есімдер қатарында қазақ тіліне игерілгені де, игерілмей сол күйі алынғаны да бар. Азиза, Алхаят, Адиша (Хадиша), Жаухаз, Жәннат, Ғайни, Жуайрия, Захида, Калима, Мугалима, Муниса, Муслима, Ниса, Рамира (Рамина бар), Раяана, Райана (Раян бар), Румейса, Рұқия, Сальсабиль, Сафина, Сафия, Сафият, София, Сумая, Танзия, Тәсним, Уммугүлсім, Умида, Фатима, Файина, Фирдаус, Хиуа (Хиуаз бар), Ясин (Ясина), Тамила, Айсунна, Гулия, Гульфайруз, Далида, Әлсина, Зинұр, Исламия, Ламира, Маликан, Мансия, Мелек, Әниса, Гүлниса, Айниса, Рабинур, Рамиля, Руфинат, Рухсари, Самина, Сарра, Султанна, Сурая, Шахназ т.б. бар.

Қазақстандағы қойылу жиілігі бойынша батыснегізді адам есімдері де бар: Агата, Аийлин, Айзель, Айлана, Айлара, Айлина, Айрин, Аия, Алиса,

Амели, Анель, Анеля (Жанел бар), Ариана (Мариананың жасанды түрі), Асения, Афина, Аэлита, Аяра, Ленара, Лианна, Лиллия, Лунара, Мелисса, Минесса, Мирэль, Бернура, Вэйлуна, Даналия, Данелья, Дарина, Теона, Эвелина, Эданур, т.б

Соңғы кезде сәнге айналған есімдердің бірі бірнеше компоненттен тұратын есімдер. Олардың ішінде бір емес бірнеше тілдің атаулары да бар. Екі компонентті кісі есімдері: Айлуна, Аймира, Аль – Сара, Сафинұр, Сафиянұр, Ясминұр, Айсель, Айсунат, Айханым, Көзайым, Айсезім, Айсырға, Ақжүніс, т.б.

Қорытынды. Қыз балаға есім қою – тек ана мен әкенің емес, жалпы қоғамның, дәстүрдің, ұлттық сананың маңызды бөлігі. Бұл процесс әрдайым уақыт ағымымен өзгеріп, дамып

отырады. Бүгінде есім қоюда көптеген факторлар әсер етеді, оларды талдай отырып, есім таңдаудың түрлі қырларын анықтауға болады.

Біріншіден, қоғамдағы танымал аттардың, сәнге айналған есімдердің әсері зор. Мұндай есімдер көбіне поп-мәдениет, әлеуметтік медиа немесе белгілі бір тұлғалар арқылы тарайды. Ата-аналар баласына белгілі тұлғалардың есімдерін қоюды қалайды, себебі бұл есімдер оң әсер қалдырып, қоғамда танымал әрі құрметке ие болуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, сирек кездесетін есімдерді таңдау да маңызды фактор болып табылады. Ата-аналар өз баласына ерекше әрі ерекшеленетін есім беру арқылы оның тұлғалық ерекшелігін көрсетуге тырысады. Мұндай есімдер жиі қолданыстан тыс, көбірек жеке және өзіндік сипатқа ие.

Үшіншіден, діни мағынасы бар есімдер қазіргі уақытта да көп қойылады. Әсіресе мұсылман мәдениетінде діни есімдерге үлкен мән беріледі. Құдайдың есімдерінен, пайғамбарлар мен қасиетті тұлғалардың есімдерінен туындайтын таңдаулар танымал болып келеді. Бұл есімдер баланың рухани тәрбиесіне ықпал ететініне сенім арту арқылы таңдалады.

Тағы бір маңызды фактор – меншіктеу мәні бар есімдер. Яғни, есімдер ата-анасының біреуінің есімімен немесе атасының, әкесінің есімімен қойылуы мүмкін. Бұл дәстүр баланың отбасы мен ұрпақ жалғастырушы ретіндегі рөлін арттырады, сондай-ақ, оның тұтастай бір әулеттің өкілі екендігін білдіреді.

Тарихи есімдерді жаңғырту да кең таралған тенденция. Ұлттың тарихына, мәдениетіне қызығушылық артқан сайын, ата-бабалардың есімдерін қайта қою үрдісі жиі байқалады. Мұндай есімдер ұлттық сәйкестікті нығайтып, баланың тарихи мұрамен байланысын арттырады.

Осылайша, біз есім қоюдағы бірқатар факторларды анықтадық, олардың арасында: қоғамда сәнге айналған аттарды қою; сирек кездесетін есімді қою, діни мағынасы бар есім қою; меншіктеу мәні берілген есімдер; тарихи есімдерді жаңғырту факторлары кездесті.

Қорыта келгенде, қызбалаға есім қою дәстүрі де заманауи бағытта дамып келеді. Мифтік санада қалыптасқан есімдердің қойылу динамикасы өте сирек. Діни сана мен эстетикалық сананың дамыған кезеңінде осы бағыттарда қойылған есімдер көп екенін байқадық. Есім қоюда есімнің бастысы мағынасы жақсы болу керек деген ұстаным болса, екінші ұстаным ең бастысы әдемі естіліп, әдемі айтылса деп ұғынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы, Азия – 2004. – 192 б.*
2. *Мәдиева Г., Әлиакбарова А. Қазіргі қазақ кісі есімдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (171). 2018. 137-145 бб.*
3. *Бердібаева И. Халықтық топонимдердің аңыз-әңгімелерге қатысты семантикасы. – [Электрон. русурс]. – Режим доступа: http://www.rusnauka.com/15 (Қаралған күні 12.07.2023).*
4. *Цветков. С. Имя и судьба. 2020. – [Электрон. русурс]. – Режим доступа: https://dzen.ru/sergeytsvetkov.livejournal.com (Дата обращения 23.03.2024).*
5. *Успенский Л. Ты и твое имя. – [Электрон. русурс]. – Режим доступа: https://logic-books.info/sites/default/files/ty_i_tvoyo_imya.pdf (қаралған күні 11.02.2023).*
6. *Лосев А. Философия имени. – [Электрон. русурс]. – Режим доступа: https://libcat.ru/knigi/religioznaya-literatura/religiya/227713-a-f-losev-filosofiya-imeni.html (Қаралған күні 11.03.2024).*
7. *Никонов В. Ищем имя. – [Электрон. русурс]. – Режим доступа: https://libcat.ru/knigi/nauka-i-obrazovanie/yazykoznanie/413986-vladimir-nikonov-ichem-imya.html (Дата обращения 25.04.2023).*
8. *Флоренский П. Тайна имени. – [Электрон. русурс]. – Режим доступа: https://www.livelib.ru/book/1000188599-tajna-imeni-p-florenskij (Дата обращения 21.03.2024).*
9. *Barbazzeni B. How our name affects our personality and identity: What social psychology says, 2022. – [Электрон. русурс]. – Режим доступа: https://insight.openexo.com/how-our-name-affects-our-personality-and-identity-what-social-psychology-says/ (Қаралған күні 03.05. 2024).*

10. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Бес томдық. – Т.1. Нұр-Сұлтан. Халықаралық түрік академиясы, 2021 ж. 165 б.

References:

1. Zhanuzak T., Rysbergen K. (2004). Kazak onomastikasy: zhetistikteri men bolashagy [Kazakh Onomastics: Achievements and Future]. Almaty: Aziya. – 192 b.

2. Madieva G., Aliakbarova A. (2018). Kazirgi kazak kisi esimderining leksika-semantikalyq erekshelikteri [Lexical-Semantic Features of Modern Kazakh Personal Names] // KazUU Khabarshysy. Filologiia seriiasy. №3 (171). – B. 137–145.

3. Berdibaeva I. (n.d.). Khalyqtyq toponimderding anyz-angimelerge qatysty semantikasy [The Semantics of Folk Toponyms Related to Legends and Stories]. Retrieved from http://www.rusnauka.com/15 (Accessed 12.07.2023).

4. Tsvetkov S. (2020). Imia i sudba [Name and Fate]. Retrieved from https://dzen.ru/sergeytsvetkov.livejournal.com (Accessed 23.03.2024).

5. Uspenskii L. (n.d.). Ty i tvoe imia [You and Your Name]. Retrieved from https://logic-books.info/sites/default/files/ty_i_tvoyo_imya.pdf (Accessed 11.02.2023).

6. Losev A. (n.d.). Filosofiia imeni [Philosophy of Name]. Retrieved from https://libcat.ru/knigi/religioznaya-literatura/religiya/227713-a-f-losev-filosofiya-imeni.html (Accessed 11.03.2024).

7. Nikonov V. (n.d.). Ishchem imia [Looking for a Name]. Retrieved from https://libcat.ru/knigi/nauka-i-obrazovanie/yazykoznanie/413986-vladimir-nikonov-ichem-imya.html (Accessed 25.04.2023).

8. Florenskii P. (n.d.). Taina imeni [The Mystery of Name]. Retrieved from https://www.livelib.ru/book/1000188599-tajna-imeni-p-florenskij (Accessed 21.03.2024).

9. Barbazzeni B. (2022). How our name affects our personality and identity: What social psychology says. Retrieved from https://insight.openexo.com/how-our-name-affects-our-personality-and-identity-what-social-psychology-says/ (Accessed 03.05.2024).

10. Zhanuzak T. (2021). Qazaq onomastikasy. Bes tomdyq. – T.1. [Kazakh Onomastics. Five-Volume Edition. Vol. 1]. Nur-Sultan: Khalyqaralyq Turik Akademiiasy. – 165 b.

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES

IRSTI 17.82.93 10.51889/2959-5657.2025.91.1.004

Abisheva S. D[1], **Abuova B. P.*[2]
[1,2] *Abai Kazakh national pedagogical university*
Almaty, Kazakhstan
e-mail: s.abisheva@mail.ru
**e-mail: bibizhan@mail.ru*

BERDIBEK SOKPAKBAYEV'S CREATIVITY IN THE FIELD OF CHILDREN'S LITERATURE (1924-1991)

Abstract

The article, dedicated to the work of Berdibek Sokpakbayev, examines the key aspects of the works of the famous Kazakh writer, who has become a classic of children's literature in Kazakhstan. The article focuses on a realistic and sincere depiction of childhood, a reflection of Kazakh life and national traditions. Central to the discussion is his best-known story, “My Name is Kozha” which explores themes of friendship, responsibility, and self-discovery through the protagonist’s stories. More serious issues are also touched upon, such as raising youth, relationships between generations and the search for the meaning of life. Sokpakbayev’s works are still relevant among readers to this day, significant for modern Kazakh literature and have a huge influence on the formation of moral values of the younger generation.

Keywords: children's literature, Kazakh life, national traditions, story, children's writer

Абишева С.Д.[1], **Абуова Б.П.*[2]
[1,2]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*
Алматы, Қазақстан
e-mail: s.abisheva@mail.ru
**e-mail: bibizhan@mail.ru*

БЕРДІБЕК СОКПАҚБАЕВТЫҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАСЫ (1924-1991)

Аңдатпа

Бердібек Соқпақбаев шығармашылығына арналған мақалада Қазақстан балалар әдебиетінің классигі атанған қазақтың белгілі жазушысы шығармашылығының түйінді тұстары қарастырылған. Мақалада балалық шақтың шынайы әрі шынайы суреттелуі, қазақ өмірі мен ұлттық салт-дәстүрінің көрінісі басты назарда. Пікірталастың өзегі - кейіпкердің әңгімелері арқылы достық, жауапкершілік және өзін-өзі тану тақырыптарын ашатын оның әйгілі «Менің атым Қожа» әңгімесі. Жастарды тәрбиелеу, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас пен өмірдің мәнін іздеу сияқты күрделі мәселелер де қозғалады. Соқпақбаевтың шығармалары бүгінгі күнге дейін оқырмандар арасында өзекті, қазіргі қазақ әдебиеті үшін маңызы зор және жас ұрпақтың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді.

Түйін сөздер: балалар әдебиеті, қазақ өмірі, ұлттық салт-дәстүр, әңгіме, балалар жазушысы

Абишева С.Д.[1], **Абуова Б.П.*[2]
[1,2]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*
Алматы, Казахстан
e-mail: s.abisheva@mail.ru
*e-mail: *bibizhan@mail.ru*

ТВОРЧЕСТВО БЕРДИБЕКА СОКПАКБАЕВА В ОБЛАСТИ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ (1924-1991)

Аннотация

